



ТЕЛЕФОНМЕН СӨЙЛЕСТІ



Ильхам Әлиевпен телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекет басшысы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына арнайы спорт делегациясын жібергені үшін Әзербайжан Президентіне алғыс айтты.

Қазақстан Президенті стратегиялық серіктестік рухында дамып келе жатқан екіжақты сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықтың қарқынын жоғары бағалады. Осы орайда қыркүйек айының соңында өтетін Әзербайжанның Қазақстандағы мәдениет күндері халықтар арасындағы бірлікті бекемдеуде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті Әзербайжандағы Парламент сайлауының табысты өтуімен құттықтап, саяси нағанды Қазақстанның өкілдері де бақылағанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Әзербайжан мен Арменияның бейбіт келісімге келуі үшін Қазақстан тарапының алдағы уақытта да Алматы алаңын келіссөздерге ұсынуға дайын екенін растады.

Өз кезегінде Ильхам Әлиев Бақұдін Астанамен екіжақты қарым-қатынастың барлық бағыты бойынша ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін күш-жігер жұмсауға ниетті екенін жеткізді.

Әңгімелесу достық рәуіште өтті.

ҚҰТТЫҚТАУ



Қасым-Жомарт Тоқаев Эмомали Рахмонды Тәжікстанның Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы құттықтау жеделхатында Президент Эмомали Рахмонның парасатты көшбасшылығымен Тәжікстанның маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүйелі түрде жүзеге асырып, мемлекеттілікті нығайту жолында сенімді қадам басып келе жатқанын, халықаралық аренада абыройы жоғары екенін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мен Тәжікстан стратегиялық серіктестік және одақтастық рухындағы өзара тиімді қарым-қатынас орнатқанын, бұл екі халықтың мүддесіне сай келетінін жеткізді.

Мемлекет басшысы Тәжікстан Президентінің жауапты мемлекеттік қызметіне табыс, ал бауырлас тәжік халқына бақ-береке тіледі.

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ:

АЭС – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ



АЭС салуды қолдау жөніндегі Халықтық штаб өңірлерде сайлаушылармен кездесу жұмысын бастады. Штаб мүшелері алдымен Түркістан облысына барды.

Түркістанда Халықтық штаб мүшелері өңір активімен жүздесіп, оған 300-ден астам адам қатысты. Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов штаб мүшелері АЭС салудың маңызы туралы азаматтармен ашық әңгімелесу және осы жобаны жүзеге асыруға байланысты жаңа перспективалар туралы айту үшін өңірге келгенін мәлімдеді.

Мәжіліс Төрағасы түркістандықтар ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстандықтардың әлауқатын арттыру жөніндегі прогрессивті бастамалары мен саясатын әрдайым қолдап келе жатқанын жеткізді. Сондай-ақ ол АЭС салу еліміздің энергетикалық тәуелсіздігі мен қауіпсіздігінің кепілі екенін айрықша атап өтті.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті.

Жиында Премьер-Министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров, Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов, Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев еліміздің қорғаныс қабілетін нығайту шараларын жүзеге асыру мәселелері туралы баяндама жасады.

Қауіпсіздік Кеңесі мемлекеттің әскери әлеуетін арттыруға байланысты ұсынылған тәсілдер және армияны заманауи қарумен, әскери

техникамен, соның ішінде отандық қорғаныс кешені кәсіпорындары шығарған өнімдермен жаратқандыру бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

Жиын соңында Президент – Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметке және басқа да мүдделі мемлекеттік органдарға еліміздің әскери ұйымын жетілдіру бағытында бірқатар нақты тапсырма берді.

МӘСЕЛЕ

ЖАТАҚХАНА НЕГЕ

«ШАТАҚХАНАҒА» АЙНАЛДЫ?

Биыл жатақхана мәселесі дағдарысқа айналып кетті. Содан мемлекетке әрбір ЖОО жанынан жағдаяттық және дағдарыс орталықтарын ашуға тура келді. Сарапшылардың пікірінше, бұл бұрынғы Білім және ғылым, қазіргі Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім қуған жастарды баспанамен қамту бойынша ұзақ жыл жүргізген жұмысының ұтымды, тиімді болмағанын паш етті. Ата-аналар ірі қалаларға оқуға аттанған балаларының далада қалғанына қапа болады. Дағдарысты еңсеру үшін не істеліп жатыр?

(Жалғасы 3-бетте)



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

СӘЛІМГЕ БӘРІ МӘЛІМ



Олар күндіз-түні жолдың тазалығы мен қауіпсіздігі үшін жұмыс істейді. Бұл ұжымдағы қарапайым жұмысшылар қыс бойы үйдің бетін көрмейді. Қарлы боранда жол аршиды, мұзды күндері сол жолдың мұзын ояды, құм, тұз себеді.

→ 6

ҚҰРМЕТ ПЕН БАУЫРЛАСТЫҚ СИМВОЛЫ



«Астана Арена» стадионында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатын тамашалауға шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандар мен жұртшылық жиылды. Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, Қазақстанға келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді.

→ 8

10 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ



ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУҒА ЖОЛ АШАДЫ

Мемлекет басшысы БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымының Бас хатшысы Зураб Пололикашвилиді қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев ҮДүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатына қатысқаны үшін UNWTO делегациясына және Зураб Пололикашвилиге ризашылығын білдірді.

Президент бұл ауқымды іс-шара халықтар арасындағы достықты нығайтуға, Қазақстанның имиджін ілгерілетуге, еліміздің бай мәдени-тарихи мұрасын дәріптеуге септігін тигізетінін атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ұйыммен тығыз ынтымақтастыққа бейілді және туризм саласындағы бірлескен бастамаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

Бас хатшы Зураб Пололикашвили қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына алғыс айтып, ҮДүниежүзілік көшпенділер ойындарының ұйымдастырылу деңгейіне жоғары баға берді. Оның пікірінше, мұндай іс-шаралар туризмді және жалпы ел экономикасын дамытуға жол ашады.

Кездесу барысында Қазақстанның БҰҰ Дүниежүзілік туристік ұйымымен серіктестік аясын кеңейту перспективасы талқыланды. Еліміздің туристік әлеуетін және халықаралық аренадағы беделін арттыруға ықпал ететін нақты жұмыстарға баса назар аударылды.



Президентке еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайы, егін орағы және су тасқынынан зардап шеккен өңірлердегі тұрғын үйлерді қалпына келтіру жұмыстары туралы баяндалды.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Олжас Бектеновтің айтуынша, биыл өндеу өнеркәсібі және құрылыс саласы экономикалық дамудың негізгі факторына айналды.

Ауыл шаруашылығында да айтарлықтай өсім бар. Еліміздегі негізгі дәнді дақылдар алқабының 4,5 миллион гектарға жуығы немесе 27 пайызға артық. Орта есеппен бір гектардан 15 центнер өнім алынып отыр. Шамамен 6,6 миллион тонна астық бастырылды. Бұл былтырғы көрсеткіштен 40 пайызға артық. Шаруашылықтарға арзандатылған дизель отынын жеткізу кестеге сай жүргізіліп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа су тасқынынан зардап шеккен тұрғындарды баспанаман камту жөнінде мәлімет берілді. Бүгінге дейін 7 463 отбасы жана қонысқа көшті. 479 баспананың құрылысы аяқталуға жақын. Сонымен қатар 9 171 отбасына жөндеу жұмыстары үшін өтемақ төленді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы жүргізіліп жатқан жұмыстың маңызын атап өтіп, елімізді одан әрі әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамытуға қатысты бірқатар тапсырма берді.



РЕФЕРЕНДУМҒА ДАЙЫНДЫҚ БАРЫСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев палата бюросының отырысын өткізді. Онда депутаттар 13 қыркүйек күні болатын Сенат отырысының күн тәртібін бекітті және елімізде АЭС салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдумға дайындық барысын талқылады.

Мәулен Әшімбаев әріптестерін Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жолында күш біріктіруге және 6 қазанда өтетін референдум аясындағы түсіндіру жұмыстарына белсенді қатысуға шақырды. Бұған дейін сарапшылар атап өткендей, атом электр стансасын салу елдегі электр энергиясының тапшылығын жоюды көздейді.

«Мемлекет басшысының бастама-сымен 6 қазанда АЭС салу мәселесіне қатысты жалпыұлттық референдум өтеді. Осыған байланысты құрылған республикалық қоғамдық штаб еліміздің барлық өңірінде үгіт-насихат жұмысын жүргізеді. Осы маңызды іске

Сенат депутаттары да белсенді жұмылдырылады», – деді палата Спикері.

Айта кетейік, алдағы жұма күні болатын Сенат отырысында депутаттар «Түркі мемлекеттері ұйымына мүше мемлекеттердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған келен дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Бұл құжаттың нормалары ұйымға мүше мемлекеттердің аумақтары арасында өткізілетін тауарлар мен көлік құралдары бойынша мәліметтерді электрондық алмасу арқылы келендік бақылауды жүргізудің тиімділігін арттыруға және мерзімдерін қысқартуға бағытталған.

ХАЛЫҚТЫҚ ШТАБ: АЭС – ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ КЕПІЛІ



(Басы 1-бетте)

«Бізге таза, сарқылмас қуат көздері керек. Бір ақиқат бар: қазір атом энергиясына балама жоқ. Қазақстанда атом электр станциясын салу – бүгінгі күннің шындығынан, бүгінгі күннің сұранысынан туған бастама. АЭС экономиканың драйверіне, қозғаушы күшіне айналады. Жоғары білікті және жоғары жалақы төленетін мыңдаған жана жұмыс орындары пайда болады. АЭС құрылысы оның айналасындағы инфрақұрылымды дамытатыны айтпаса да түсінікті: жаңа жолдар, мектептер, ауруханалар және тұрғын үйлер салынады», – деді ол.

Ерлан Қошанов электр энергия тапшылығы бүгінде еліміздің өнүстік өңірлерінде айрықша сезілетінін атап өтті. Былтырғы қорытынды бойынша дефицит 3,1 млрд кВт/сағ құрады. Салыстыру үшін айта кетсек, орташа есеппен 100 мың тұрғыны бар бір қала 700 млн кВт/сағ тұтынады. Электр энергия жетіспеушілігі жана өндіріс орындарын ашуға, бизнесті, АӨК-ні дамытуға, жана жұмыс орындарын құруға және тұтастай алғанда еліміздегі өзге де салаларды дамытуға келергі келтіретін фактор болып отыр.

«АЭС салу идеясы – мың ойланып, мың толғанып, қабылданған шешім. Бұл – біздің энергетикалық тәуелсіздігіміз бен қауіпсіздігіміздің кепілі. Біздің шын мәніндегі арман-мақсатымыз – Президент айтқан дәулетті, дербес Қазақстанда тұру. Ал оның орындалуы осындай тарихи қадамдардан басталады», – деді Мәжіліс Төрағасы.

Өз кезегінде, Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күріш-

баев Қазақстанда АЭС салуға қажет кадрлар да, тәжірибе де, ғылыми-техникалық және практикалық база да бар екенін атап өтті. Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева Президент АЭС туралы идея ұсынған сәттен бері бір жыл уақыт өткенін, барлық өңірде осы мәселенің мәнін ұғынуға, «оң мен солын» бағамдауға мүмкіндік берген қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырылғанын айтты. Азаматтарда уақыт жеткілікті болды, енді барлық прогрессивті күштер елді одан әрі дамыту үшін АЭС қажет екеніне сенімді. Ал Ядролық физика институтының бас директоры Саябек Сахиев Қазақстан Созак ауданының дағы секілді уран өндіру бойынша әлемде көш бастап тұрғанын, алайда әлі күнге дейін өз әлеуетін пайдаланбайтынын және атом энергиясы үлкен пайда әкелетін АҚШ, Оңтүстік Корея, Франция сияқты дамыған елдерден артта қалу қаупі бар екенін атап өтті. АЭС – сенімді, қауіпсіз әрі экологиялық таза.

Бұдан әрі штаб мүшелері облыстық ауруханада денсаулық сақтау саласының қызметкерлерімен кездесті. Өңірмелесу барысында дәрігерлер, жоғары білімді адамдар ретінде қоғамда жоғары беделге ие екеніне және бейбіт атомның айналасындағы барлық үрейді сейілте алатынына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, адам күнделікті өмірде ұшырайтын радиоактивті сәулеленіс небәрі 0,1%-ы ғана атом энергетикасына тиесілі. АЭС-тың әсері рентгенге немесе флюорографияға қарағанда әлдеқайда әлсіз. АЭС салу адамдардың денсаулығына зиянын тигі-

бейтінін халыққа осындай қарапайым мысалдармен жеткізу маңызды.

Осы күні Халықтық штаб мүшелері Сауран ауданына қарасты Оранғай ауылына барды. Ауыл тұрғындарымен әңгімелесу барысында олар атом энергиясын пайдаланудың артықшылығы туралы айтты. Мәселен, жылыжай салуға поляк инвесторларын тартқан Сайрам ауданының шаруалары көкөніс өндірісін толық қуатта іске қоса алмағанын мәлімдеді. Бұған себеп – тұрғын үйлердің өзіне әрең жетіп тұрған әлсіз қосалқы станса. Ал АЭС-тың тұрақты электр энергиясы мұндай мәселелерді өткеннің еншісінде қалдырып қана қоймай, шаруашылықты дамытуға берік негіз болады, барлық ауылды жылдамдығы жоғары интернетпен және үздіксіз мобильді байланыспен камтуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Штаб мүшелері Кентау қаласында ЖЭО-5 ұжымымен кездесті. 1952 жылы іске қосылған бұл жылу энергетика торабы 15 мыңға жуық адамды камтып отыр. Халықтық штаб мүшелері АЭС құрылысы барлық коммуналдық және өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін тұрақты әрі таза энергия көзіне айналып, жылу және электр энергия іркілісі мәселесін шешетінін атап өтті.

Жалпы, Халықтық штаб сапары барысында Түркістан облысының тұрғындары АЭС салу идеясына қызу қолдау білдірді. Түркістандықтар биыл 6 қазанында өтетін референдумға белсенді қатысуға ниетті.

Дайындаған: «Nur Media» ЖШС.
Тапсырыс беруші: Османов М.Ж.
«AMANAT» партиясы
КБ қаражатынан төленді

ЖОЛДАУ



Диляра ҚАЙДАРОВА,
«Қазақ онкология және радиология ҒЗИ»
АҚ басқарма төрайымы:

ДЕНСАУЛЫҚТЫ ОҢАЛТУҒА ЗОР ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) аспектілер өзекті мәселелерді көтергені белгілі.

Президент Жолдауда: «... Отандық денсаулық сақтау саласын дамыту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) тетігі арқылы ресурстарды белсенді тарту қажет. Өкінішке қарай, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің озық шетелдік тәжірибесі біздің заңнамалық деңгейде көрініс тапқан жоқ, бұл жобалардың тиімсіздігіне, бюджетке шамадан тыс жүктеме өкеледі. Жұмыс істеу тетіктерін қайта қарау қажет, қуыылған инвестицияларға тиісті тарифтерді ұсыну маңызды. Үкімет денсаулық сақтау және білім беру салалары үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік бойынша жекелеген нормативтер мен ережелерді қалыптастыруы керек», — деген болатын.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (МЖӘ) біздің денсаулық сақтау жүйемізді дамытуда шешуші рөл атқарары сөзсіз. Бұл жерде жеке сектордың ресурстары мен тәжірибесін мемлекеттік тұрғыда қолдай отырып, бақылаумен тиімді үйлестіруге мүмкіндік беру деген сөз. Осы кезде барып ел азаматтары үшін медициналық қызметтердің қолжетімділігі мен оның сапасын жақсартуға ықпал ететіні сөзсіз.

МЖӘ озық технологиялар мен заманауи емдеу әдістерін енгізу үшін бірегей мүмкіндіктер ұсынады. Бұл күрделі денсаулық сақтау саласының ішінде, әсіресе онкология үшін өте өзекті болмақ. Жеке секторды тарту — жана медициналық мекемелерді құру және жабдықтау процесін жеделдету, сондай-ақ мамандардың біліктілігін арттыруға көмектеседі, бұл

пациенттерді емдеу нәтижелеріне тікелей әсер ететіні белгілі.

Бұдан басқа, МЖӘ сапалы медициналық көмекке қол жеткізудегі теңсіздікті азайта отырып, өңірлерде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді және орталық клиникаларға жүктемені азайтады.

Айта кетейік, соңғы 8 жылда МЖӘ аясында онкологиялық көмек көрсету саласында заманауи медициналық объектілерді, оның ішінде ПЭТ/КТ орталықтарын, Алматы, Астанада, Қазақстан өңірлерінде салу және жаратқандыру бойынша бірқатар жоба іске асырылды:

2019 жылы Orhun Medical медициналық компаниясымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде Қазақ онкология және радиология ҒЗИ-да ПЭТ/КТ орталығы пайдалануға берілді. 2022 жылы Шымкент қалалық онкоорталығында МЖӘ жобасы аясында ПЭТ аппараты, сондай-ақ пациенттерге жана буын сәулелік терапиясын жүргізу үшін заманауи сәулелік үдеткіш орнатылды.

2024 жылдың қыркүйегінде Орал қаласында Онкологиялық ауруларды инновациялық диагностикалау орталығы ашылды. Сондай-ақ МЖӘ аясында, өңірде заманауи КТ — симулятор мен сәулелік үдеткішпен жабдықталған Ядролық медицина орталығы ашылды. Жана орталықта медициналық көмек барлық пациентке Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде, Орал қаласы мен Батыс Қазақстан облысының тұрғындары

үшін ғана емес, республиканың барлық тұрғыны үшін де тегін көрсетіледі.

Сондай-ақ қыркүйек айының ортасында Алматыда Қазақ онкология және радиология ҒЗИ (ҚазОРҒЗИ) базасында Онкологиялық ауруларды инновациялық диагностикалаудың екінші орталығы жұмыс істей бастайды. Аталған орталықтар онкологиялық ауруларды ерте анықтауды айтарлықтай жақсартатын, бұл пациенттердің өмір сүру ұзақтығын қолдауға барынша мүмкіндік берері анық. Бұдан басқа, «Қазақмыс» корпорациясымен Талдықорған қаласында су жана онкологиялық орталық салу туралы келісімге қол жеткізілді. Талдықорғанда қазіргі заманғы онкологиялық орталықтың құрылысы Жетісу халқы үшін ғана емес, жақын маңдағы өңірлер — Алматы, Шығыс Қазақстан және Абай облыстары үшін де өзекті болмақ. Жобаны іске асыру облыс әкімдігі Жетісу, Kazakhmys Holding ЖШС және Қазақстан Денсаулық сақтау министрлігі арасында қол қойылған ұшжақты меморандумның негізінде мүмкін болады. Бұл аталып отырған игі істің барлығы Президент сөз еткен МЖӘ негізінде жүзеге асырылып отырғанын айта кеткен абзал. Ендіше Қазақстанның денсаулық сақтау саласында МЖӘ-ні одан әрі дамыту медициналық қызметтердің сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар азаматтардың денсаулық сақтау жүйесіне деген сенімін нығайтуға ықпал ететінін сенемін. Бұл бастаманың игілігі ел халқының денсаулығын оңалтуға зор әсер болары анық.



Амандық ТӨЛЕШОВ,
профессор,
ҰҒА және
ҰИА академигі:

ЕҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ — КАДР МӘСЕЛЕСІ

Президент «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету — аса өзекті міндет», — деп атап өтті.

Бұл экономиканы инженерлік-техникалық кадрлармен қамтамасыз етуде өзекті болып табылады. Мәселе санда емес, сапада! Жыл сайын мемлекет жоғары оқу орындарында ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беруде де инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша кадрлар даярлауға жеткілікті мөлшерде гранттар бөледі. Жылдар бойы біз бұл гранттық орындарды игере алмадық немесе нашар дайындалған контингентті тартуға мәжбүр боламыз. Инженерлік мамандыққа оқуға келген студент математика, физика және басқа жаратылыстану пәндері бойынша мектеп бағдарламасын жақсы меңгерген болуы тиіс. Басқаша айтқанда, оқушының күрделі жаратылыстану және техникалық пәндерді қабылдау мен оқу қабілеті болуы керек. Онсыз баланың жақсы инженер немесе технолог болуы қиын.

Сондықтан да білім сапасын көтеру жұмысы орта білімнен басталуы қажет. Осы мақсатта Президенттің тапсырмасымен елімізде балалардың білім алуына жақсы жағдай жасалып, жекеменшік мектептерге мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Мемлекет басшысы: «Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық», — дейді. Яғни, бұл циклде басты назарды педагогикалық жоғары оқу орындарына

аудару керек, олар мұғалімдердің біліктілігін арттыруға міндетті. Қазір елімізде ұстаздардың беделі артып, еңбекақы денгейі көтеріліп, сапалы жұмыс істеуге ынталандыру тетіктері енгізілуде. Бұл ретте ұстаз бейнесі — балажан, өз елінің нағыз патриоты, шәкірттің болашағын ата-анасынан кем ойламайтын жан ретінде қалыптасады. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына студенттерді іріктеу ерекше объективті болуы керек, ал оқу үдерісі алға жылжыған сайын болашақ мұғалімнің балаларға деген құрметті көзқарасы арта түсуі керек.

Президент 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. ЖОО, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары бұл мүмкіндікті инженерлік-техникалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру үшін пайдалануы керек. Болашақ мамандықтар бойынша мамандар қажеттілігін анықтай отырып, жұмысшы мамандықтарының қажеттіліктері мен талаптарын егжей-тегжейлі бақылау және зерттеу жүргізу қажет. Әртүрлі кәсіби платформаларда талқылау және пікірталас арқылы білім беру бағдарламаларына елеулі түзетулер енгізілуі керек. Бұл мәселелерді шешуде Қазақстанда филиалдарын ашқан жетекші шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесі пайдалы болмақ.

ЖАТАҚХАНА НЕГЕ «ШАТАҚХАНАҒА» АЙНАЛДЫ?

(Басы 1-бетте)

Алдос СЕНБАЙ

ЖАТАҚХАНА ҚАЙДА, МИНИСТР МЫРЗА?

Ержан Хамит (сұрауы бойынша тегі өзгертілді) биылғы ҰБТ-да жоғары балл алып, «электротехника және автоматизация» мамандығы бойынша алматылық беделді университетке түсті. Грантка қол жеткізгенін біле сала тамыз айының соңына қарай қалаға жеткен.

— Факультетімізде жатақхана болатынын уәде етті. Күте тұру керек деген сон амалсыз күттім. Жерлес төрт жігіт болып қала шетіндегі «Думан» ықшамауданынан үй жалдап тұрамыз. Проректорға дейін кірдік. «Мәселе шешіліп жатыр, сендер көпшілік, шуламандар, хабарласамыз!» деп шығарып салды. Президентіміз биылғы Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады ғой. Бұл — біздің жылымыз! Индустрияландыруды көгертіп, өндіріс көрігін қыздыратын blue-collar worker («көк жағалылар») — біз боламыз. Инженерлерге басқаша көзқарас болғаны дұрыс, — дейді Ержан.

Ол дағдарыс орталығына да хабарласқанын, телефонды ешкім көтермегенін айтады. Танысу-білісу барысында жоғары курстағы құрдастарынан екінші курсты бітірген сон шетелдік университеттерге ауысып кету мүмкіндігі барын білді. Ата-анасы Прагадағы Чех техникалық университетімен хабарласқан екен, ондағылар бюджеттік негізде тегін оқи алатынына және кампуспен қамтылатынына сендіріпті. Басты талап — оқуда үздік үлгерім көрсету, белсенді болып, волонтерлікпен айналысу. Сондықтан Ержан Қазақстанда білім алуға қолайлы жағдайлар болмаса, ауысуға ниетті. Бұл жерде жастарды патриоттығының кемдігіне айыптауға асықпаған жөн. Оларға жағдай жасай алмаған жауапты шенеуніктер кесірінен қазақ елінің ақыл-ойы, дарынды жастары сыртқа кетіп жатқаны жасырын емес.

Маскара болғанда, ЖОО-лар сияқты Ғылым және жоғары білім министрлігі де — жастардың биыл тым көптігімен ақталады. Оның дерегінше, биыл мектептерді

түлектердің рекордтық саны — 188 мыңнан астамы бітірді. Оның 140 мыңға жуығы қазақстандық жоғары оқу орындарына түсуге шешім қабылдады, ҰБТ тапсырды. Алайда 2024—2025 оқу жылына бакалавриатқа тек 79 мыңдай мемлекеттік грант бөлінген. Содан ҰБТ тапсырушылардың жартысына жуығы, соның ішінде жоғары балл жинағандары да гранттан тыс қалды. Оның бір бөлігі ақылы оқуға түсті, қалғаны шетел асты. ЖОО-лар мен министрлік ғылым бұлағынан сусындап, мамандық игеруге ынтыққан жастардың легін игере алмады.

Саясат Нұрбек басқаратын Ғылым және жоғары білім министрлігі әрбір ЖОО жанынан жағдаяттық және дағдарыс орталықтары ашылғанын мәлімдеді. — Кез келген студент өзі оқитын университеттің Жағдаяттық орталығына хабарласып, университеттің жатақхана-сыбарда, студенттер үйінде қанша орын бар екені, онда орын болмаса, ЖОО-ның қандай жекеменшік жатақханамен келісімшарты бары туралы ақпарат ала алады. Министрліктің жанынан да Жағдаяттық орталық құрылды, ол бүкіл республика бойынша ақпарат ұсынады, — деді ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі Білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан.

Мұның сыртында ол әрбір университеттің жанында Дағдарыс орталығы жұмыс істейтінін жария етті. Ауыл-аймақтан келген балалар далала қалып қоймауы үшін оларға университеттің қасынан орын тапқанын жататын орын ұсынылады екен. Негізінен, хостел түрінде. Студенттердің айтуынша, жатақхана тиемеген, баспана жалдауға қаражаты жоқ кейбір шәкірттерге аудиторияларды босатып беріп, сонда жиналмалы төсек қоюға мәжбүр болған университет бар көрінеді. Аудиторияда жуынатын бөлме, душ болмайтыны белгілі, сондықтан жатақханадан орын тауып беру бәрібір қажет болады.

Ақерке Абылайхан жатақхана тапшылығы ушыққан Астана, Алматы қалаларында министрлік Дағдарыс орталықтарын ашқанын жеткізді. Оның әрқайсысына 20-30 баладан сыятыны айтылды. Алайда оқуға түскендер онда тек уақытша тұра алады. Тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары сияқты енді білім қуған жастарға да дағдарыс

орталықтары қажет болады десе, бұрын ешкім сенбес еді.

УНИВЕРСИТЕТТЕР ҚАМСЫЗ ОТЫРҒАН ЖОҚ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің әлеуметтік даму жөніндегі проректорының міндетін атқарушы Сәбит Суатайдың мәліметінше, ҚазҰУ-де осы жылы түскен I курс студенттерін қоспағанның өзінде, 20 100 студент білім алуын жалғастырып жатыр. Биыл университет 4 100 грант игерімен және ақылы негізде оқитын 3 мыңға жуық студентпен толықты. Сөйтіп, ҚазҰУ студенттерінің жалпы саны 27 мыңнан асып кетті.

Енді қараңыз: бүгінде университеттің меншігінде 15 жатақхана бар. Бұдан бөлек, оқу ордасы 5 жекеменшік жатақханаға жалға алып отыр. Осы 20 жатақханада небәрі 7 135 орын бар. Ал ҚазҰУ студенттерінің жалпы саны 27 200-дей. Сөйтіп, 20 мыңнан астам жасқа бастана қамын өз бетінше қамдауға немесе Алматының атакты жетімбұрышын жағалауға тура келеді.

Университеттің төл жатақханалары, жалға алған жекеменшік жатақханалары жанадан оқуға түскен, бұрыннан оқып жүрген студенттерді 26 тамыздан бастап қабылдаған. ҚазҰУ өкілдері студенттердің бәрі бірдей жатақханаға зәру емесіне назар аудартты. Өз үйінде тұратын алматылық жастар да жетерлік.

«Біздің университетте жатақханаға тіркелу онлайн жүйе арқылы жүргізіледі. Өтініш сонда тапсырылады. Университет сайтында барлығы көрсетілген. Жалпы, 1 438 жатақханалық орынға тапшылық болды. Оны 800-і бойынша жекеменшік хостелмен келісімшарт жасап, мәселені шешіп жатырмыз», — деді Сәбит Суатай. Оның мәліметінше, университет биыл оқуға түсудің төменгі балын ұлғайту арқылы студенттер санын едәуір азайтыпты. Осы арқылы да жатақхана мәселесін тез арада шешу мүмкін болды дейді.

Ал Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің иелігінде тек 5 жатақхана бар. Онда 2 мыңнан астам төсек-орын қарастырылған. Орын тапшылығын шешу үшін 2023 жылдан бері университет кәсіпкерлік секторға жүгініп, өз студенттерін жекеменшік



жатақханаларға орналастыра бастады. Соның арқасында үйсіз-күйсіз жүрген 3 308 шәкіртіне жатын орын тауып берген.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Мақсат Жақауовтың айтуынша, биыл 8 жекеменшік жатақханамен келісімшарт жасалыпты. Соның нәтижесінде 4 126 студентке баспана табылды. Бірақ тапшылық сақталды. Биыл түскен I-курс студенттері арасынан жатақхана сұрап, кем дегенде 1 800 бала өтініш беріпті. Сол себепті алдағы жылдары жаңа 9 қабаттық жатақхана салуды жоспарлады. Тұтастай алғанда, Абай атындағы ҚазҰПУ-да 12 мыңнан астам студент, магистрант және докторант оқиды.

«АЛА» СТУДЕНТТІ «БӨЛЕ» ҚАМТИДЫ

ҒЖБМ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті төрағасының орынбасары Ақерке Абылайхан елімізде жатақханалардағы орындарды бөлу арнайы қағида бойынша жүретінін түсіндірді. Ол Білім және ғылым министрінің бұйрығымен 2020 жылы бекітілген екен. Оған сәйкес, ең алдымен жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға орын беріледі. I, II, III топтағы мүгедектігі бар азаматтарға, ауыл квотасымен грант алған студенттерге, қандастарға, аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға да жатақханадағы орын басымдықты түрде ұсынылады. «Серпіні» бағдарламасы бойынша білім алатындар орынмен қамтамасыз етілуде тиіс.

Шенеуніктің пікірінше, жоғары курс студенттеріне жатақханадан орын жетпей қалса, ЖОО мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында салынған жекеменшік

жатақханалармен келісімшарт жасасып, сол жерден болашақ түлектеріне орын ұсынуға міндетті.

Министрлік өкілі республикада студенттерін жатақханамен қамтамасыз ету мәселесін жүйелі түрде шешу үшін шаралар қабылданып жатқанына сендірді. 2024 жыл соңына дейін жана 17 жатақхананың құрылысы аяқталады.

Сондай-ақ нормативтік-құқықтық құжаттарға өзгерістер енгізілді. Оған сәйкес, барлық ЖОО баспанаға мұқтаж студенттерін жатақханамен қамтуға міндеттелді. Бұл жерде студенттің грантта немесе ақылы түрде білім алып жатқаны рөл ойнамайды. Бұл талапты орындауға — өрескел бұзушылық деп танылады және оған қайта-қайта жол бере берген университет жабылып тынуы мүмкін. Өйткені жатақхана орынмен қамтамасыз ету — бұдан былай лицензиялық талаптардың біріне айналды. Министрлік осы қатан тетік арқылы да жатақхана кризисін шешуден үмітті.

Ауыл-аймақта баласы өсіп келе жатқан барлық дерлік ата-ананы толғандыратын, ел арасында «шатақхана» аталып кеткен проблеманы шешу үшін Президент осыдан үш-төрт жыл бұрын барлық шәкіртті жатақханамен қамту міндетін қойды. Содан бері 50 966 орындық жана жатақханалар ғана іске қосылыпты. 2024 жылы жалпы саны 10 576 төсек-орын пайда болмақ. Құрмеулі мәселені түпкілікті шешу үшін бұлар да азық етеді. Сондықтан тағы 27 жатақхана салу жоспарланған. Сала тізгінін ұсынып отырған министр Саясат Нұрбек өзін «кризис-менеджер» ретінде көрсете ала ма, әлде дағдарыс ары қарай ұшыға бере ме, оны уақыт пен тәжірибе көрсетеді.

НАРЫҚ

10 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ



— АЭС-тің біздің еліміз үшін маңыздылығы қандай?

— Атом электр стансалары бүгінде мемлекеттің экономикалық даму үшін энергияға деген қажеттілігін қамтамасыз ете алатын тұрақты, жоғары технологиялық және экологиялық таза энергия көздері екені дәлелденген. Әлемнің 32 елінде жалпы белгіленген атом энергоблоктары жұмыс істейді, бұл қолда бар барлық энергия генерациялаушы қуаттардың 10%-ын құрайды. Қазір әлемде 20 мыңға жуық реактор-жылу пайдалану тәжірибесі жинақталған. Сонымен қатар бүгінде тағы 60 атом энергоблоктары салынуда. АТЭХАГ-нің оптимистік болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай атом энергиясын генерациялау үлесі 14%-ға жетеді.

Қазақстанда электр энергиясының үдемелі тапшылығы байқалады. Болжалды төңкеріске сәйкес 2035 жылға қарай тапшылық белгіленген қуаттылықтың 3 ГВт-қа дейін жетуі мүмкін. Бүгінде Қазақстанның негізгі генерациялаушы қуаттары — КСРО кезінде салынған энергияның жылу көздері, олар өздерінің соңғы ресурстарын өндіруде және тез арада ауыстыруды қажет етеді. Сонымен қатар парниктік газдар шығарындарымен байланысты жаһандық экологиялық қатерлердің өсуін ескере отырып, біздің мемлекет 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптандыруға қол жеткізу бағытын қабылдады. Еліміздің көміртегі бейтараптандыруға қол жеткізудің тиісті стратегиясын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген.

Қазақстанның электр стансалары жиынтығының қолжетімді қуаты — қазір 20 ГВт-дан аспайды. Ірі өндірістік кәсіпорындар электр энергиясының негізгі тұтынушылары, олар барлық тұтынушының 70%-ын құрайды. Жақын болашақта олардың саны артады, ал өнеркәсіптік кәсіпорындарға базалық электр қуаты деп аталатын көздерден электр энергиясын тұрақты, тәулік бойы жеткізу қажет. Мұндай көздерге ЖЭС және АЭС жатады. ЖЭС салу тиімсіз болғандықтан, базалық қуатты генерациялау бөлігінде біз үшін жалғыз шешім тиімді, экологиялық таза атом энергетикасын дамыту маңызды. Бұл шешім көлемі бойынша Қазақстан Республикасының әлемдік көшбасшы, атом

Қазақстанда АЭС салу керек пе? Бұл сұрақ бүгінде ел аузында, қоғам талқысында. Президент Жарлығына сәйкес шешімді референдум арқылы халық айтады. Алайда қоғамда түрлі ой, түрлі көзқарас пен пікір қайшылығының болуы — заңды. Дегенмен «Шымшық сойса да, қасапшы сойсын» дейтін қазақ үшін қандай мәселеде де маманның пікірі маңызды. Біз Ұлттық ядролық орталықтың бас директоры Эрлан Батырбековтен атом энергетикасы елімізді қанша жылға электр энергиясы тапшылығынан құтқаратынын сұраған едік.

Эрлан БАТЫРБЕКОВ,
профессор:

ҒЫЛЫМ МЕН ӨНЕРКӘСІПТІҢ ҚУАТТЫ ДРАЙВЕРІ БОЛАДЫ

отыны үшін бастапқы шикізатты — табиғи уранды өндіру фактісімен және Ұлттық ядролық орталығы болып саналатын дамыған ядролық ғылымның болуымен негізделген. Сондықтан атом энергетикасын дамыту біз үшін уақытылы және жалғыз дұрыс шешім екені белгілі.

— Халық арасында АЭС салуға емес, оны кім салатынына алаңдаушылық басым сияқты. Әлемдік тәжірибеде қай елдің атом электр стансасы қауіпсіз деп саналады және біз кімді таңдауымыз керек деп ойлайсыз?

— Қазақстанда АЭС салу үшін қандай да бір реакторлық технологиялардың қолайлылығына қатысты Ұлттық ядролық орталық ұсынылатын реакторлық технологияларды бағалау үшін алдын ала өлшемшарттар әзірленгенін атап өту қажет. Олардың негізгілері келесілерді айқындайды: реактор референтті болуы тиіс, яғни қазірдің өзінде салынған үлгісі және пайдаланудың он тәжірибесі болуы тиіс. Қарастырылып отырған реактор базасындағы АЭС III немесе III+ буынына жатқызылуы керек, реактор әлемдегі ең кең таралған және жақсы жағынан танытқан жылу нейтрондарында екі контурлы, су-сулы болуы және реактор қондырғысының қуат диапазоны 1000 — 1400 МВт аралығында болуы керек.

Біз әзірлеген өлшемшарттарды ескере отырып, қазір Қазақстанда АЭС салу жөніндегі жобаны іске асыруға қызығушылық білдірген және келіссөздер жүргізіліп жатқан реакторлық технологияларды жеткізушілердің шорт-парағы қалыптастырылды. Бұл параққа әлемдегі төрт жетекші: EPR-1200 реакторы бар француздық EDF, ВВЭР-1200 реакторы бар ресейлік «Росатом» МК, APR-1400 реакторы бар корейлік KHNP және APR-1000 реакторы бар қытайлық CNNC компаниялары кіреді. Техникалық жоспарда барлық ұсынылған реактор қажетті өлшемдерге сәйкес келетіндіктен, Қазақстанда АЭС салуға қатысты референдумда мәселе он шешілген жағдайда ел мен технологияларды жеткізуші компанияны таңдау кезінде

мәселелердің барлық жиынтығы, мысалы: болашақ АЭС үшін құрылыс пен отын өндірісін оқшаулау мәселелері, кредиттеу шарттары және ұсынылатын жобаның қаржылық схемасы, пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеу мәселелері, әрине, құрылысқа жоспарланған күрделі шығындар және тағысын тағылар қаралуы тиіс. Сондықтан қай ел салатыны туралы сұрақ әлі де талқылауға жатады.

— АЭС үшін қажетті кадр мәселесі қалай шешіледі, оны салуға және дұрыс пайдалануға отандық мамандардың әлеуеті жете ме?

— Ұлттық ядролық орталықтың мысалында ғана оның қалыптасуы кезінде негізгі міндеттердің бірі — елімізде атом энергетикасын дамыту үшін ғылыми-техникалық, технологиялық және кадрлық база құру. Қазір Ұлттық ядролық орталық атом саласының кадрларын даярлау мәселелеріне көп көңіл бөледі. Өз қызметіміз барысында біз жоғары білікті деген көптеген ғылыми кадрды дайындадық. Кәсіпорында өңірлік университеттердің бітіруші кафедраларының 3 филиалы жұмыс істейді.

Еліміз атом энергетикасында жұмысын жанадан істеп жатқан жоқ — Ақтауда 1973 жылдан 1999 жылға дейін әлемдегі алғашқы ЖН-350 жылдам нейтронды тәжірибелік-өнеркәсіптік реактор сәтті пайдаланылды, қазір 3 зерттеу реакторы, екеуі Ұлттық ядролық орталықта және біреуі Ядролық физика институтында жұмыс істеп тұр. Сонымен бірге Қазақстанның атом саласы атом энергетикасының бастапқы шикізатын жеткізуші және ірі кәсіпорын — Казатом-өнеркәсіп компаниясымен, сондай-ақ атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында жұмыс істейтін басқа да ұйымдар түрінде ұсынылғанын атап өткен жөн. Жалпы, жобалық псықтауды ғылыми сүйемелеу, құрылыс, АЭС-ті пайдалану және пайдаланудан шығару мәселелері бойынша біз тұтастай алғанда қажетті кадрлармен қамтамасыз етілгенбіз.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес АЭС-ті пайдаланушы персоналды жасақтау үшін орта есеппен 2 энергоблокты АЭС-ті пайдалану кезінде жоғары және арнаулы орта білімі бар 2000 адамға дейінгі персонал қажет. Ол үшін атом энергетикасын дамытудың болашақ мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлар даярлаудың тиісті жоспары көзделді.

Қазір Үкімет Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша техникалық және инженерлік саладағы ғылыми және білім беру негізін кеңейту бойынша нақты жұмысқа кірісті және нақты шешімдер қабылдап, шетелдік техникалық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу, техникалық мамандықтарға гранттарды ұлғайту және тағы басқа да кезеңіне шықты. АЭС реактор

тәжірибеден белгілі болғандай, атом саласындағы бір орын өнеркәсіптік аралас салаларда 10 орынға дейін басқа да жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. АЭС қазакстандық ғылым мен өнеркәсіптің қуатты драйвері болады, біздің табиғи байлығымызды, атап айтқанда, шетелге сататын уранды барынша толық және ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

АЭС тікелей орналасатын аудан үшін тікелей инвестициялардың көзі болады, бұл — осы аймақтың инфрақұрылымы мен экономикасының дамуына айтарлықтай әсер етеді деген сөз. АЭС құрылысы және оны пайдалану жобасына тікелей тартылған экономикалық белсенді халықтың да, қызмет көрсету саласында жұмыспен қамтылған халықтың да ағынының өсуіне алып келеді. Өңірдің бюджетіне түсетін салық түсімдерін бірнеше есе арттырады және оның тұрғындарының өмір сүру сапасын едәуір жақсартуға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, бұл он өзгерістердің мысал ретінде келтіруге болатын толық тізімі емес.

— Атом электр стансаларының климаттың өзгеруіне, экологияға әсері қандай?

— Егер экология туралы және оған атом электр стансасының құрылысы қалай әсер ететіні туралы айтамын болсақ, жауабым біржақты — сөзсіз он әсер етеді. Әлемде көмірсутек шикізатын жағатын жылу стансалары атмосфераға шығаратын көмірқышқыл газы мен басқа да зиянды заттардың концентрациясы қауіпті түрде өсіп келе жатқаны ешкімге құпия емес. Тіпті, көмірді жағу өнімдерін тазартудың заманауи жүйелерімен жабықталған жылу стансасы, бір жыл ішінде атмосфераға қуатына қарай және әртүрлі бағалау бойынша 7-ден 120 мың тоннаға дейін күкірт тотығын, 2-ден 20 мың тоннаға дейін азот тотығын, 700-ден 1 500 тоннаға дейін күлді шығарады, ал арнайы тазартушы екі-үш есе жоғары және 3-тен 7 миллион тоннаға дейін көмірқышқыл газын шығарады. Сонымен қатар жүздеген тонна улы метал — күшән, кадмий, қорғасын, сынап және т.б. орын алған жүздеген мың тонна күл түзіледі. Бұл оғаш болып көрінуі мүмкін, бірақ эксперименталды түрде ірі ЖЭС аймағында сәулеленудің жеке дозалары АЭС маңындағы ұқсас дозадан 5-10 есе асып түсетіні анықталды. Бұл атмосфераға жану өнімдерімен бірге шығарылатын ЖЭС-ке арналған бастапқы шикізаттағы табиғи радионуклидтердің орын алуымен шартталған.

— АЭС салу үшін екі алаң таңдалуы белгілі. Дегенмен нақты таңдау Алматы облысының Жамбыл ауданындағы Үлкен ауылына түсіп отырған сияқты. Сіздің ойыңызша, қайда салған тиімді?

— Бүгінде Ұлттық ядролық орталық Қазақстанда АЭС салу бойынша дайындық жұмыстарына ғылыми-техникалық қолдауды қамтамасыз ететінін айта кету керек. Бұл бағытта біздің көсіпорын негізгі қатысушылардың бірі болып табылатын жұмыс пен зерттеулердің үлкен көлемін орындады. Ең өзекті зерттеулерде АЭС-ті орналастырудың басым аудандары белгіленді, олар Алматы облысы Жамбыл ауданы Үлкен кенті және Абай облысы Құрчатов қаласы. Зерттеулерде сондай-ақ Қазақстан жағдайында құрылыс үшін реакторлық қондырғының онтайлы түрі айқындалды, АЭС қауіпсіздігінің қажетті аспектілері қаралды, қолда бар және қажетті инфрақұрылым, радиоактивті қалдықтармен және пайдаланылған ядролық отынмен жұмыс істеу мәселелері, құрылыс пен жобаны басқарудың ықтимал схемалары, сондай-ақ көптеген басқа да мәселе, оның ішінде болашақ АЭС үшін кадрлар даярлау қажеттілігі талданды. Еліміздің оңтүстігінде электр энергиясының болжамды тапшылығын ескере отырып, стансаның қуаты 2 800 МВт дейінгі АЭС құрылысының ең қолайлы ауданы ретінде Алматы облысы Жамбыл ауданы Үлкен ауылының ауданы ұсынылды.

— Егер біз еліміз үшін стратегиялық және экономикалық шығындар тұрғысынан АЭС құрылысының тиімділігіне назар аударатын болсақ... Бұл өзін ақтай ма?

— АЭС құрылысы еліміздің энергетикасын әртараптандыруға мүмкіндік береді. Бірінші кезекте электр қуатының тапшылығы проблемасын шешуге ықпал етеді, сонымен бірге тек атом саласында ғана емес, әлемдік

несиесі күн санап өсіп келеді. Мысалы, Astana Finance Days сессиясында Freedom Банкінің Директорлар кеңесінің мүшесі Айдос Жұмағұлов халықтың 56%-ы нашар несие тарихына ие, бұл олардың ипотекалық бағдарламалардан бас тартуына себеп болып отырғанын жеткізген болатын. Сарапшы азаматтардың қаржылық сауаттылығының жауапкершілігі де қаржы институттарының мойнында екенін алға тартады. «Тұтынушылық мінез-құлыққа қатысты белгілі бір бұрмаланулар бар. Өйткені, менің ойымша, біз қаржы институттары ретінде белгілі бір

несиесі күн санап өсіп келеді. Мысалы, Astana Finance Days сессиясында Freedom Банкінің Директорлар кеңесінің мүшесі Айдос Жұмағұлов халықтың 56%-ы нашар несие тарихына ие, бұл олардың ипотекалық бағдарламалардан бас тартуына себеп болып отырғанын жеткізген болатын. Сарапшы азаматтардың қаржылық сауаттылығының жауапкершілігі де қаржы институттарының мойнында екенін алға тартады. «Тұтынушылық мінез-құлыққа қатысты белгілі бір бұрмаланулар бар. Өйткені, менің ойымша, біз қаржы институттары ретінде белгілі бір

несиесі күн санап өсіп келеді. Мысалы, Astana Finance Days сессиясында Freedom Банкінің Директорлар кеңесінің мүшесі Айдос Жұмағұлов халықтың 56%-ы нашар несие тарихына ие, бұл олардың ипотекалық бағдарламалардан бас тартуына себеп болып отырғанын жеткізген болатын. Сарапшы азаматтардың қаржылық сауаттылығының жауапкершілігі де қаржы институттарының мойнында екенін алға тартады. «Тұтынушылық мінез-құлыққа қатысты белгілі бір бұрмаланулар бар. Өйткені, менің ойымша, біз қаржы институттары ретінде белгілі бір

несиесі күн санап өсіп келеді. Мысалы, Astana Finance Days сессиясында Freedom Банкінің Директорлар кеңесінің мүшесі Айдос Жұмағұлов халықтың 56%-ы нашар несие тарихына ие, бұл олардың ипотекалық бағдарламалардан бас тартуына себеп болып отырғанын жеткізген болатын. Сарапшы азаматтардың қаржылық сауаттылығының жауапкершілігі де қаржы институттарының мойнында екенін алға тартады. «Тұтынушылық мінез-құлыққа қатысты белгілі бір бұрмаланулар бар. Өйткені, менің ойымша, біз қаржы институттары ретінде белгілі бір

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛІЕТ

КӨКЕЙКЕСТІ

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН ҚАНДАЙ РЕТТЕУЛЕР КҮТІП ТҰР?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Қазір көптеген азаматтың мойнында бірнеше несие бар екені жасырын емес. Бұл — өте өзекті мәселе, қоғамдық қатер десек те болады. Сондықтан осы бағытта арнайы заңдар қабылданды» деп атап өткен болатын. Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі соңғы уақытта кредиттеу кезінде тәуекелдерді барынша азайту үшін бірқатар шара қабылдады. Олардың қатарына: электронды қарыздарды беру кезінде міндетті биометриялық сәйкестендіру, 90 күн кешіктірілгеннен кейін сыйақыларды есептеуге тыйым салу, әскерге шақырылушылар үшін қарыздарын кейінге қалдыру, жұбайының ірі несиелерге келісімін талап ету және басқа да мәселелер қамтылған.

А Көмила ЕРКІН

Алғашқы түзетулер 2024 жылдың 20 тамызынан бастап күшіне енген болатын. Мысалы, қаржы ұйымдарына клиентті биометриялық сәйкестендірусіз электронды қарыздар мен онлайн-микрокредиттер беруге тыйым салынады. Одан бөлек, банктер мен МҚҰ барлық қолданыстағы (өтелмеген) тұтынушылық кредиттер бойынша 90 күн өткеннен кейін сыйақы есептей алмайды. Сондай-ақ мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтарға сыйақы есептелмей, қызмет өту мерзіміне және демобилизациядан кейін 60 күнге автоматты режимде банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша кейінге қалдыру берілетін болады.

Ал 1 қыркүйектен бастап қазақстандықтарға 1000 АЕК-тен (2024 жылғы 3 692 мың теңге) асағын кредитті ресімдеу кезінде күйеуінің немесе әйелінің келісімі қажет. Құжат еркін формада толтырылып, банк бөлімшелеріне немесе МҚҰ филиалына қағаз түрінде не электронды түрде ресімделеді.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің МҚҰ-ның клиенттермен өзара іс-қимылының жаңа қағидаларын көздейтін қаулысы «Ашық НКА» порталында жарияланды.

Бұл ереже мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушылармен несие берушілердің өзара әрекеттесу тәртібін реттейді. Оған сәйкес, микроқаржылық ұйымдар борышкермен, оның өкілдерімен немесе шартқа байланысты үшінші тұлғалармен қатаң белгіленген мерзімде ғана байланыса алады. Мысалы, жұмыс күндері 8:00-ден 21:00-ге дейін, ал демалыс және мерекелік күндері 9:00-ден 19:00-ге дейін байланыс орнатуға болады. Бірақ бұл қарыз алушымен келісілген жағдайда ғана. Кездесулер тұрғылықты жерінде, қарыз алушының тіркелген жерінде немесе кредитордың кеңсесінде болуы мүмкін. Сонымен қатар жеке байланыс жиілігі де шектелген: аптасына үш реттен артық емес және күніне бір реттен артық емес. Телефон қонырауларының саны, соның ішінде интернет қосымшалары арқылы да реттелді. Бұл ережелер қарыз алушыларды несие берушілердің артық қысымынан қорғауға



бағытталған және өзара әрекеттесудің нақты шекараларын белгілейді.

Леспе ақпаратта микрокредитті кешіктіргені үшін айыппұлдарды есептеуге және Қарыз алушымен өзара әрекеттесуге қатысты ережелері түсіндіріледі. «Қарыз алушы микрокредитті қайтару немесе сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде ол мерзімі өткен әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті. Алайда егер іс коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алуға берілсе, микроқаржы ұйымдарының (МҚҰ) осы кезеңде кешіктірілген айыппұлдарды есептеуге құқығы жоқ. Бұл «Микроқаржы қызметі туралы» заңда көрсетілген. Бұл шектеудің мақсаты — іс сотқа дейінгі реттеу сатысында тұрған кезде қарыз алушының борыштық жүктемесінің өсуіне жол бермеу. Осыған байланысты мәтін МҚҰ-ға қарызды реттеу процесін жүзеге асыру және банктерге қолжетімді арбитражды болдырмау үшін демалыс және мерекелік күндері қарыз алушыларға қонырау шалуға рұқсат беруді ұсынады», — делінген ақпаратта.

Бұл өзгерістердің нәтижесін уақыт көрсетер, ал қазір халықтың тұтынушылық

өнімдерді шығару және тұтынушылардың мінез-құлқын өзгерту арқылы үлкен жауапкершілікке ие болады. Қазақстан халқының 34%-ын салымдары бар. Бұл көрсеткіш Орталық Азия бойынша орташа есеппен 23%-ы ғана, ал Еуропада әлдеқайда жоғары, яғни халықтың 65%-ының жарнасы бар. Елімізде 9-10 миллион экономикалық белсенді адамдардың 8 миллионға жуығы қандай да бір жолмен несие өнімдерін тұтынады», — деді Айдос Жұмағұлов.

Сондай-ақ сарапшы 18 жасан 23 жасқа дейінгі жастар арасында мерзімі өткен кредиттердің үлесі жыл сайын өсіп келе жатқанын атап өтті. Егер 2022 жылдың басында олардың үлесі 13,1% -ды құраса, 2024 жылдың тамызында олардың үлесі 20,3% -ға жеткен. Оның айтуынша, тұтынушылық несиелер мен бөліп төлеу қазақстандықтардың тұтынушылық мінез-құлқын өзгертеді деп санайды.

— 18 жастағы жігіт немесе қыз олардың жасында бұл қалыпты жағдай деп қабылдайды және әрқашан солай болады деген ойда қалады. Бірақ 25 жасында автокөлік несиесін алғыңыз келгенде, 30 жаста отбасын құрып, ипотека алғыңыз келгенде

бұл мүмкіндікті пайдалана алмауыңыз мүмкін. Қазір біз клиенттердің 87%-ына несие тарихы нашар болғандықтан, 31%-ына табысы жеткіліксіз болғандықтан несие беруден бас тартамыз, — деді ол.

Экономист Мақсат Халық та, еліміздегі екінші деңгейлі банктер ұсынатын несиенің пайыздық мөлшерлемесі тым жоғары екенін айтады. Сарапшы оның себебі Ұлттық банк жүргізетін ақша-несие саясатының салдарынан деп түсіндіреді.

— Менің көзқарасым бойынша және жалпы қоғам үшін де банктердің пайыздық мөлшерлемесінің жоғары болуы өте өзекті мәселе. Осыған байланысты банктер ұсынып отырған тұтынушылық несиелердің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі 56 пайызға дейін жететінін атап өту керек. Шындығында, көптеген екінші деңгейлі банк халықты несиелендіргенде өте жоғары пайызбен несиелендіріп жатыр. Бүгінде азаматтардың қарыздың қамтығына тап болуы — осының нәтижесі деп айтуға толық негіз бар. Сондықтан да банктердің пайыздық мөлшерлемесін түсіру үшін ақша-несие саясатында осындай мәселе көтерілуі керек. Монотарлық саясат бойынша базалық пайыздық мөлшерлемеге де байланысты мысалға инфляция біраз уақыт төмендеді. Дегенмен пайыздық мөлшерлеме төмендеген жоқ, ол әлі де 14 пайыздың үстінде. Сондықтан несиелердің пайыздары өте жоғары ипотекалық несиелердің пайызы жоғары. Халықты көкейінде неге батыста, дамыған мемлекеттерде несие төмен пайызбен беріледі, бізде неге пайыздар жоғары деген сұрақ туындайды. Оның себебі осы ақша-несие саясатында жатыр. Президент мынадай мәселені де атап өтті: банктер көбіне тұтынушылық несиені көп несиелендіреді, экономиканың нақты секторына көңіл бөлінебейді. Банктер бизнесті несиелендіруге ынтысаз. Өйткені ол жақта көп пайда көре алмайды. Бұл істе тәуекел көп, кәсіп банкротқа ұшыраса, қаражат қайтпай қалуы мүмкін», — дейді ол.

Сондай-ақ сарапшы халықтың нақты табысын арттыру жолдарын да қамтамасыз ету мәселесін алға тартады. Себебі елімізде әлеуметтік экономикалық маңызды қар шешімін таппаған мәселе әлі де көп.

— Үкімет халықтың табысын арттырамыз деді. Бірақ табысты арттыруды қалдық қамтамасыз ету арқылы, яғни қалдықтарымыздың біліктілігін арттыру арқылы, кәсіби кадрларды көбейту арқылы өсіреміз деп отыр. Дұрыс, бірақ ол тез жүзеге аспайды. Бір қалды квалификацидан өткізу үшін жылдар керек, — дейді экономист.

МӘСЕЛЕ

Ақмола облысында бірнеше білім беру нысанының құрылысы күні бүгінге дейін сағызша созылып жатыр. Соның салдарынан өңірдегі шалғай мектептердің бірінде оқушылар орман шаруашылығы мекемесінің ғимаратында оқуға мәжбүр.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Қазір облыс аумағында құрылыс жұмыстары аяқталмай арты дауа-дамайға айналған үш мектеп бар. Құрылыстың тым созылып кетуінен қажетті материалдардың бағасы шектен тыс қымбаттап кеткен. Салдарынан қарапайым шалғайдағы ауылдағы білім беру нысандарының құны бюджетке салмақ түсіріп, тіпті элиталық мектептерден де асып кеткені анықталды.

Дауа себепкер болған мектептер — Сандықтау ауданына қарасты Петровка, Целиноград ауданының Жаңажол және Біржан сал ауданындағы Бұланды ауылындағы білім беру нысандары. Аталған мектептердің құрылысын салуға арналған келісімшарт осыдан үш жыл бұрын, яғни 2021 жылдың шілдесі мен тамызында «Ер-Канат Сервис» мердігер компаниясымен жасалыпты. Алайда мердігердің сылбырлығы ма, әлде жергілікті атқарушы органдар мен тапсырыс беруші мемлекеттік органдардың жауапсыздығы ма құрылыс күні бүгінге дейін аяқталмаған. Бұл жоба құнының бірнеше есеге өсіп кетуіне себепші болған. Мәселен, Петровка селосындағы мектеп құрылысы 237 миллион теңгеге, Бұланды мектебі 363 миллион теңгеге, ал Жаңажолдағы білім ордасы нысаны 231 миллион теңгеге қымбаттап шыға келген. Құрылысқа қажетті материалдардың қымбаттауынан тапсырыс беруші жергілікті құрылыс бөлімдері келісімшартқа жанама қосымша келісімдер жасауға мәжбүр болған. Тіпті, жобаның алғашқы келісімшартынан кейін тиісті қаражаттан асыра төленген сомдан бөлек тағы қосымша 17 бірдей келісім жасалған. Сондай-ақ техникалық қадағалауға 14 миллионнан 19 миллион теңгеге дейін қаржы бөлінгені белгілі болды.

Әлеуметтік желі арқылы тарап қоғам арасында ащы резонанс тудырған мектеп іс жүзінде сонау ІІ дүниежүзілік соғыс уақытында салынған болып шықты. Тапсырыс беруші жұмысшылардың қалай болса солай істеген жұмысы мен сапасыз құрылыс материалдарынан қайта істеу үшін тапсыруға мәжбүр болған.

Мұны кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлер де жеріне жеткізе талдап, бюджеттің бүйірінен қанша қаржы «суырылғанын» санап берген. Талдаудың нәтижесінде бір оқушының орны 9 миллионнан 12 миллион теңгеге дейін жетіп жығылғаны белгілі болды. Бұл салыстырмалы түрде айтқанда еліміздегі рейтингі жоғары әрі толықтай жабықталған деп саналатын Назарбаев зияткерлік немесе Vinom мектептерінен екі есе жоғары болып отыр.

Жергілікті Құрылыс басқармасы жоба неғұрлым шағындау болса соғұрлым оның құны жоғарырақ болатынын айтады.

— Орташа есеппен коэффициентте мектеп құрылысындағы бір оқушы орнын есептеуде жалпы сома орын санына бөлінеді. Мектеп неғұрлым үлкен болса соғұр-



ОҚУШЫЛАР ОРМАНШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ ДӘРІС АЛЫП ЖҮР

лым арзанырақ шығады, — дейді Құрылыс басқармасы өкілдері.

Сонымен құрылыс әлдеқашан «сақалды» жобаға айналған мектептерге қайта оралсақ, жергілікті ауылдағы қауымдастық өкілдерінің тапсырыс беруші Құрылыс басқармасына қояр сауалы көп. Құрылыс органның жобаның қалай жүзеге асып жатқанын мүлде назарға алмағаны қайран қалдырады. Бірнеше жылға созылып кеткен құрылыс нысандарын осыған дейін зерттегенімізде жауапты ведомство үнемі қаражат тапшылығы мен құрылыс материалдарының күрт қымбаттап кетуін соның салдарынан жобаға түзетулер енгізуге мәжбүр болғанымен түсіндірген-ді. Алайда сырттай қарағанда құрылыс материалдары салынып жатқан нысан құрылысының созылып кетуінен қымбаттағаны айдан анық көрініп тұр.

Сонымен жергілікті қауымдастық пен халықтың жіті назарға алып, желілерді шұлақтан әрекетінен кейін Ақмола облысының Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тапсырыс беруші органның «Ер-Канат

нымен бұрынғы жұмысшылар сол күйі жұмыс істеп жатқанын айтады. Ал сағызша созылып аяқталмай қойған өңірдегі үш мектептің қашан аяқталатыны, соттан талап арыз бойынша қандай шешім шығаратыны жұмбақ.

— «Ер-Канат Сервис» мердігер компаниясымен келісімшартты біз осы жылдың шілдесінде бұздық. Сонымен қатар соттан осы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен өсімақы өндіру және оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз бердік. Бүгінде сот процестері жүріп жатыр. Сот шешімінің аяқталуын күтпестен біз конкурс жариялап жаңа мердігерді іздеп таптық. Осы үш нысанда да осы жылдың қарашасында аяқтауды жоспарлап отырмыз, — деді БАҚ өкілдеріне Ақмола облысының Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Валерий Гамазов БАҚ өкілдеріне.

Алайда ауылдағы ата-аналар мен мұғалімдер екінші нұсқаны жөн көрген. Сөйтіп, балалар мектепке лайық болмаса да бейімделген орман шаруашылығы ғимаратта оқу процесін жалғастырған. Өйткені олар да жаңа мектептің құрылысы дәл осылай тым ұзаққа созылып кетеді деп ойламаса керек. Бұл орайда облыстың Білім басқармасы жыл сайын бірінші нұсқаға, яғни балаларды көрші ауылға оқытуға әр жыл сайын ұсыныс жасалғанын атап өтті.

— Орман шаруашылығы ғимараты расында да білім ордасының толыққанды мүмкіндіктерін бұра алмайтыны сөзсіз. Бірақ біз әріптес ұстаздардың бөтен мектепке барғысы келмейтінін де түсінеміз. Балалар алғашқы тоқсанда осында оқуын жалғастырып, екінші тоқсанда жаңа мектепке көшеді деп үміттеніп отырмыз, — деп толықтырды Валерий Гамазов.

Қазір облыста 3 мыңға жуық орынға шақталған алты мектеп сонымен қатар «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде тағы 12,2 мың орындық 9 мектептің құрылысы жүріп жатыр. Жергілікті атқарушы органдардың мәліметінше, жыл соңына дейін олардың бесеуі пайдалануға беріліп, 1 740 бала жаңа мектепте білім нәрімен сусындамақ. Сонымен қатар Қосшы қаласы мен Степногорск қаласының іргесіндегі Бестөбе кентінде 300 орындық білім ордлары пайдалануға берілмек. Соны Бестөбе кентіндегі мектеп те «сақалды» құрылысқа айналған. Құрылыс жобасының кестелен тым кешеуілдеуіне байланысты облыс әкімі Құрылыс басқармасының басшысы Марат Әубәкіровке қатаң сөгіс те жариялаған.

Сонымен құрылыс нысандарының жаппай мерзімінде аяқталмай сағызша созылып кете беруіне не себеп? Құрылыс

жұмысының мерзімінде аяқталмай сағызша созылып кете берудің себебі — мердігер компаниясымен келісімшартты біз осы жылдың шілдесінде бұздық. Сонымен қатар соттан осы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен өсімақы өндіру және оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арыз бердік. Бүгінде сот процестері жүріп жатыр. Сот шешімінің аяқталуын күтпестен біз конкурс жариялап жаңа мердігерді іздеп таптық. Осы үш нысанда да осы жылдың қарашасында аяқтауды жоспарлап отырмыз, — деді БАҚ өкілдеріне Ақмола облысының Құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы басшысының орынбасары Валерий Гамазов БАҚ өкілдеріне.

Сөзіміздің басында айтқандай, құрылыстың тым сағызша созылып, тиісті ғимарат құрылысы аяқталмауының салдарынан өңірдің Білім басқармасы мектеп оқушыларын оқу процесіне сай жабықталмаған ғимараттарда да жүргізуге мәжбүр болғанын айтты. Мәселен, Біржан сал ауданына қарасты Бұланды ауылының балалары күні бүгінге дейін «Бұрабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі уақытша пайдалануға берген орман шаруашылығы ғимаратында оқуға мәжбүр болған. Бұландыдағы апаттық жағдайда болған мектеп жайын біз өткен сандарымызда да көтергенбіз.

— Әрине, өте өзекті мәселе. Біз жаңа мектеп құрылысының 2021 жылдан бері осылай созылып кетеді деп күтпедік. Ескі

ведомство бұл орайда еліміздегі мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы қайшылықтардың жұмысты жүйелі істеуге кедергі келтіретінін алға тартты.

— Конкурс тұтас республика бойынша жарияланады. Менің білуімше, 1 қантардан бастап өзгеріс енгізіліп, конкурс тек өңір мердігерлерінің арасында ғана, яғни бізге белгілі жеткізушілермен ғана жүрмек. Іс жүзінде өзге аймақтан тапсырыстарды жеңіп алған мердігер компаниялар әдетте өте арзанға түсетін субмердігерлерді жалға алады. Өздері Құрылыс басқармасына мүлде келмейді. Осыдан кейін осынша ауқымды мәселелер туындайды, — дейді Нияз Байғожин.

Қалай десек те өңірде салынып жатқан 15 білім ордасына тапсырыс беруші осы Құрылыс басқармасы болып отыр. Қалған үш мектептің енді дауа-дамайсыз тапсырылса екен дейсін.

Өңірде басқа тапсырыс берушілермен де құрылыс нысандарында аса үлкен шу болғанын атап өту керек. Мәселен, былтыр ата-аналардың бірі Есіл қаласындағы С.Серіков атындағы мектепте сыныптардың суға толып жатқанын айтып ашық жанапайын әлеуметтік желі арқылы білдірген. Есіл аудандық білім бөлімі жөндеу жұмыстарын жүргізгенімен бұл жолы да жосықсыз мердігердің «бұйырғаны» болып шықты. Мектепті жөндеу жобасын сонау Түркістан облысынан жеңіп алған «ГрадСтройСервис» компаниясы өңірде 28 бірдей білім беру нысандарын жөндеу және құрылысын алып, «монополист» компанияға айналып шыға келген. Әрине, олардың көпшілігінде үлкен күрделі мәселелер туындағаны мәлім.

Әлеуметтік желі арқылы тарап қоғам арасында ащы резонанс тудырған мектеп іс жүзінде сонау ІІ дүниежүзілік соғыс уақытында салынған болып шықты. Тапсырыс беруші жұмысшылардың қалай болса солай істеген жұмысы мен сапасыз құрылыс материалдарынан қайта істеу үшін тапсыруға мәжбүр болған. Мұнымен қоса, құрылыс жұмыстары төрт-бес мәрте мерзімі кешіктірілген. Өкінішке қарай, өздерінің мектебіне қайта оралғанымен мердігер компанияға екі жылдық жобаны аяқталмаған жұмысын тамамдауға тура келеді.

— Бұл компания расында да бізде 28 нысанның құрылысы мен реконструкциясы конкурссыз жеңіп алған. Бұл рәсімдерге біз ешқалай ықпал ете алмаймыз. Жүйе адамның қатысуынсыз рейтингтік-балдық жүйемен жүреді. Жобаның бір бөлігі екі жылдық. Яғни, жұмыс бірінші жылы басталып, екінші жылы аяқталады. Бір нысандар уақытында тапсырылып жатты. Бірақ көпшілігінде үлкен мәселелер туындады. Орын алған замбузшылықтардан бұл үлкен кінәрат жұмыстарын жүргіздік. Ақыры «ГрадСтройСервис» компаниясы 20 жобасынан айырылып, біз олармен келісімшарттарды бұздық, — дейді Валерий Гамазов.

Өңірде бірқатар жоба бойынша сот істері әлі де жүріп жатқан болып шықты. Компания сот шешіміне шағым түсіріп, өзінің адал екенін дәлелдейді. Дегенмен ол әлі де болса жосықсыз жеткізушілердің тізімінде тұр. Яғни, компания үш жылға дейін мемлекеттік сатып алуларға қатыса алмайды. Бірақ заңға сәйкес ол келісімшартты бұзылмаған жерде өз жобаларын аяқтауға құқылы.

— Жосықсыз компаниялармен осындай келісімшарттарды үзу жұмыстарын жүргіздік. Бірақ бірқатар нысанда олар қайта қалып, сотта жеңіп кетті. Ақыры биыл олар Есіл қаласындағы С.Серіков атындағы мектепті қосқанда өздерінің сегіз жобасын аяқтайды. Бірақ «ГрадСтройСервис» компаниясында жаңа нысандар енді үш жыл ішінде болмайды, — деп түйіндеді Білім басқармасы басшысының орынбасары Валерий Гамазов.

P.S.

Қысқасы, өңірдегі білім беру нысандарындағы «сақалды» құрылыстар бір жағынан жең ұшынан жалғасқан жемқорлықтан, екінші жағынан мемлекеттік сатып алу заңындағы шикіліктерден болып жатқанын аңғару қиын емес. Дегенмен жауапты мемлекеттік органдардың сылбыр әрекеті де түйткілдің түйіні тарқатылмай жатқанына себепкер болатыны сөзсіз...

719 МЫҢ ГЕКТАР ЖЕР АЙНАЛЫМҒА ҚОСЫЛДЫ

Ел дамуына қатысты референдумда айтылғандай, жер бірінші кезекте қоғам мүддесі және ел игілігі үшін қызмет етуге тиісті. Осы орайда Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен кейінгі кездері жүргізіле бастаған ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді түгендеу, пайдаланылмай жатқан телімдерді мемлекетке қайтарып, қолынан іс келетіндерге беру арқылы пайдасын көру бағытында нақты шаралар қолға алынып, ретімен атқарылуда.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

Экономикасының басты тірегі — агро-өнеркәсіптік кешен болып саналатын Жетісу облысы халқының басым бөлігі ауылды жерлерде тірлік етеді. Соған сай ауыл шаруашылығының дамуына тәуелді. Төрт түлікті түлетуге де, өсімдік шаруашылығын өрістетуге де аса қолайлы өңірде шаруалардың негізгі күнкөріс көзі — қара жер екені айдан анық. Өйткені қыруар малға шүйгінді жайылым мен шұрайлы шабындық, дән-

ді-масакты, дәнді-бұршақты, техникалық дақылдар мен көкөніске, бау-баққа құнарлы жер керек. Өкінішке қарай, жекешелендіру жылдары және одан кейінгі қолынан келгендер қонынан басқан кезеңде ауыл шаруашылығы мақсатына арналған небір құнарлы, сулы нулы жерлер жекеменшікке өтіп немесе ұзақ жылдарға жалға беріліп кетті. Олардың көбі арада уақыт өте келе қараусыз қалғаны да рас. Не өзі қызығын көрмейтін, не басқаға қимайтындар жүздеген гектар алқаптың қарадан қарап тұрып, құнарсыздануына, сортадануына жол бер-



ген. Ал ауылдарда тұратындар азды-көпті етіні мен бау-бақшасын айтағанда, қолдарына қараған азын-аулақ малдарын бағатын жайылымға қол жеткізе алмай пұшайман халге түскен.

Мәселен, облыс құрылған екі жыл барысында ғана өңірде жүйелі түрде жүргізілген тексерулер мен түгендеулер нәтижесінде 1,2 миллион гектар жердің кәдеге аспай жат қанының анықталуы осы сөзімізге нақты дәлел бола алады. Қолданылған қатан шаралар арқасында осынау миллион гектардан асатын алқаптардың 719 мың гектары қазір ауыл шаруашылығы айна-

лымына қосылыпты. 488 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылып, ауыл тұрғындары арасында бөлніске түскен. Оның бір бөлігі — жайылым. Қараусыз қалған алқаптар бойынша конкурстар жарияланып, конкурстарда жеңіске жеткен фермерлер өздерінің істерін бастауға немесе кеңейтуге кіріскен. Сонымен бірге инвестжобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік алған. Облыстық Жер қатынастары басқармасының басшысы Ермек Әпековтың айтуынша, игерілмеген жерлердің барлығы есепке алынуы және оларға қатысты қолға алынған шаралар көпшілікке мәлім

жария түрде болуы үшін өңірде арнайы комиссия құрылыпты.

«Жерлерді түгендеу бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Жер ресурстары департаменті 69 тексеруді жүзеге асырды. Қазірдің өзінде фермерлер игерушісіз қалдырған 46 мың гектар шабындық анықталып, олардың иелеріне тиісті ескертүүлр жасалды. Егер олар ескертуден қорытынды шығармаса немесе бір жыл мерзім барысында жерлерін пайдаланбаса, онда барлық телім сот арқылы мемлекет меншігіне қайтарылып, конкурс арқылы халыққа беріледі», — дейді Ермек Әпеков.

10 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

ТҮЙТКІЛ



БАЛЫҚШЫ КӨП, БАЛЫҚ ЖОҚ

Сұлу Сырдың жағасына қоныстанған жамағаттың ежелгі атакәсібі балық шаруашылығымен тікелей байланысты. Тіпті, бір кездері Сырдың «су маржаны» елдің атын шығарды. Сол уақытта халықтың ырзық-несібесі артты. Тұрмыстық жағдайы айтарлықтай түзелді. Ал қазір ше?

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Бір кездері судан несібесін терген Сыр жұртшылығының қазіргі жағдайын салыстыруға келмейді. Әсіресе, тұрғылықты халық теңіз тартылғаннан кейін байырғы кәсібін қол үзіп барады. Кез келген балықшыдан жөн сұрасаңыз, теңізде балық жоқ екенін айтып, зар илеп қоя береді. Бүгінде бұл мәселе елдің шымбайына батып тұрғаны жасырын емес.

Соңғы жылдары Арал теңізін сақтап қалу бағытында ауқымды жоба қолға алынғаны әмбеге аян. Соның ішінде Аралдың жарты бөлігін сақтап қалу жобасы елдің сөне бастаған үмітін қайта тұтатқандай болған еді. Бірақ қуаныштың нәтиже әзірге көрінбейді.

Өңірдің жастары екі қолға бір күрек таппай, балықты кәсіп етуге бетбұрыс жасаған. Айлап, апталап теңіз жағасын паналап, судан несібесін алуға үміт артады. Алайда көп жағдайда еселі еңбегі еш болып, құралақан қайтатынын айтып, ашынады. Байырғы «Аралдың ақ сазаны» арманға айналып бара жатқанын алға тартады. Соның салдарынан базар мен сауда орындарында көп жағдайда өзге өңірлерден жеткізілген балық түрлері саудаланып жатқаны ашы да болса шындық.

Өз кезегінде Арал аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімімен мәселенің мән-жайын білмеке тырыстық. Бөлім тарапынан бұл мәселені теңізге түсетін су көлемінің жылдағыдан азаяуымен түсіндіріп отыр.

Жалпы, аудан аумағында Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі, Сырдария өзені және 17 көл есепке алынған. Оның ішінде Кіші Арал теңізінде балықтың 19 түрі мекендейді екен. Оның 16 түрін кәсіпшілік мақсатта аулауға рұқсат етілген. Аталмыш бөлімнің мәліметіне сәйкес, есепті кезеңде 5489,2 тонна балық ауланған болса, оның 3 105 тоннасы өңделген.

«Негізі, облыстағы су айдындарының басым көпшілігін Арал ауданы құрайды. Соңғы жылдары Кіші Арал теңізіне түсетін судың көлемі едәуір азайды. Түсінінше, ондағы балық қорының да мөлшері айтарлықтай төмендеді. Ендігі кезекте балықты молайтып, атакәсіпті үзбей, саланы әртарапандырудың өзге де жолдарын іздестіру арқылы оны дамыту біз үшін аса маңызды болып тұр», — деп түсіндірді бөлімнің бас маманы Жәніс Ерболсынов.

Дерекке сәйкес, 2016–2017 жылдары теңізден 8,5–9 тоннаға дейін балық ауланған екен. Ал қазіргі жағдайда су көлемінің азаяуына байланысты теңіздегі балық қорының мөлшері кеміп бара жатқанын сала мамандары растап отыр.

Соған орай, аудан аумағынан тоғанда балық өсіру шаруашылығын дамытуға баса мән беріліп отырғанын айтып, алдағы жоспарлы жұмыстармен бөлісті. Мәліметке сәйкес, бұл қиындықты еңсеру бағытында Арал ауданында 10 балықты қолдан өсіру жобасы жоспарланыпты. Соның негізінде қазіргі кезге дейін 5 тоғанда балық өсіру шаруашылықтары іске қосылып, жұмыс жүргізіп жатса

керек. Жыл соңына тағы дәл осындай 5 жобаны жүзеге асыру жоспарда тұр екен.

«Соңғы жылдары өңірде балық қоры мөлшерінің күрт төмендеп кеткені жасырын емес. Соған орай тоғанда қолдан балық өсіру жобасы жүзеге асырылып жатыр. Нәтижесінде, ауданға қарасты Бөген ауылдық округінен ДК «К. Қарағенеев», Жанақұрылыс ауылдық округінен «Қуаныш» ШҚ тоғандарды тереңдетіп қазып, су жіберу жұмыстарын бастады. Ал Аманөткел ауылдық округінен «Түрікпен» ШҚ және Қамыстыбас ауылдық округінен ДК «Ә.Рақымжан» тоғанды балық шаруашылығын құру бағытында жер телімдерін алу бойынша жұмыстар атқарып жатыр. Осы орайда айта кету керек, ауданда тұқы өсіретін тоған балық шаруашылығы құрылды. Қазір «Арал Рыборг» ЖШС 15 гектар аумақтағы 4 тоғанда балық жіберу жұмыстарын бастады. Биылғы жылдың маусым айында 7,7 млн дана тұқы тұқымы тоғанға жіберілді. Күзге дейін тоғандардың ауданын 25 гектарға дейін ұлғайтып, содан кейін қуаттылығы жылына 15–20 млн шабаққа арналған инкубациялық цехты орнату жұмыстары басталатын болады. «Арал Рыборг» ЖШС тарапынан тауарлы балықтың алғашқы партиясын 2025 жылы аулау жоспарлануда. Бұл жобаның құны — 150 млн теңге, ал қуаттылығы жылына 300 тоннаны құрайды», — дейді бөлімнің бас маманы.

Негізінен, балық шаруашылығын дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес 2030 жылға қарай балық өсіру көлемін 16 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарланғаны белгілі. Бұл тұрғыда облыста тауарлы балық өсірумен 93 шаруашылық айналысады екен. Оның ішінде 76 көл тауарлы балық шаруашылығы көлі, 12 тоған және 3 тор шаруашылығы және 2 тұйық жүйелі сумен қамтамасыз ету құрылғылары арқылы балық өсіру шаруашылығы.

«Жалпы, облыс бойынша 2021 жылы жоспарланған тауарлық балықтың көлемі 172 тонна болса, 2022 жылы жоспарланған тауарлық балықтың көлемі 480 тонна, нақты 527 тонна өсірілді. Ал 2023 жылы жоспарланған тауарлық балықтың көлемі 800 тонна, нақты 875 тонна құрайды. Алдағы 2024 жылға 1000 тонна тауарлық балық өсіру жоспарланған. Бұл бағытта тиісті жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді», — деп мәлімдеді бұл жайында Қызылорда облыстық Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы тарапынан.

Негізінен, бұл келенсіздік су тапшылығынан болып отырғанын жоғарыда айттық. Дей тұрғанмен, балықшылар қауымы тәлімбақтар жұмысын әлі де жетілдіру қажет екенін айтады. Жергілікті жұртшылықтың тағы бір пікірінше, заңсыз аулау фактілері жиі бой көрсетіп жатыр. Әсіресе, су маржанын түгін қалдырмай сүзіп алып жатқандарға тосқауыл қойылса игі. Қалай дегенде де, бір кездері ақ сазанымен аты шыққан аймақтың бүгінгі халі алаңдатарлық күйде тұр. Балықшы көп, бірақ балық жоқ. Жергілікті жұртшылық «Жағдай бұлай жалғаса берсе, атакәсібімізден мүлде қол үзіп қалмаймыз ба?» деген қорқынышта жүр.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында келесі 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», — деді Президент. Яғни, қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағаланатын уақыт келеді. Президенттің бұл бастамасы қарапайым жұмысшы мамандарды қуантып тастады. Атап айтсақ, қаланың қақ ортасында зәулім ғимараттар тұрғызып жатқан құрылыста жүрген құрылысшылардан бастап, сайын дала төсінде күнге қақталып шөп шауып жүрген механизатор мен қойшы қауым да бір жақсылықтан үміт етіп, бұл жаңалықты қуана қабылдады. Солардың қатарында механизатор Сәлім Жұбаниязов та бар.

СӘЛІМГЕ БӘРІ МӘЛІМ

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Жалпы, жұмысшы мәртебесін көтеру деген сөз — ауыл шаруашылығы саласын дамыту, өнеркәсіпті өркендету деген сөз. Ал Қазақстан экономикасының дінгегі — ауыл шаруашылығы. Шаруаның көңілі жайланса, ел экономикасына да оң ықпал етері сөзсіз. Қай заманда да қарапайым жұмысшылардың қол күші ел дамуында үлкен рөл атқарған.

Сәлім Жұбаниязов — 20 жылдық тәжірибесі бар механизатор. Ол 2004 жылы 38-ші жол пайдалану бекетіне жұмысқа орналасады. Содан бері бір орында тапжылмай, табанды еңбек етіп келеді. Ол Сырым ауданы Тоғанас ауылында дүниеге келген. Өзі көпбалалы, қарапайым отбасында тәрбиеленген.

— Бәрімізде қарапайым қазақ ауылында тәрбиелендік. Қазір қалаға келіп, қалалық деген статус алып жатырмыз. Бірақ бәрібір ауылға қарап тұрамыз. Өзім көпбалалы отбасында тәрбиелендім. Біздің кезімізде мектепте қарапайым жұмысшы мамандарын оқытатын еді. Мысалы, механизатор деген мамандықты сол мектептен алып шықтық. Ауылда шөп шабатын, мал қарайтын шабандардың қасына бізді қосып қойып, тәжірибеден өткізетін. Ауылдағы ағалардың жанында жүріп-ақ тракторды айдауды, жөндеуді, бәрін меңгеріп шықтық. Кейін жұмысқа келгенде дайын маман болып келдік. Ауылдың үлкендері бізге жол көрсетіп, өмір деген үлкен мектепке дайындап жіберетін еді. Соның нәтижесін көрген ұрпақпыз, — дейді біздің кейіпкеріміз.

Біз 38-ші жол пайдалану бөлімінде Сәлім ағаны іздеп келген едік. Келсек, біздің кейіпкеріміз үлкен сары тракторын тізгініп, жұмыс істеп жатыр екен. Ағаны жұмыстан алаңдатпай, алыстан күтіп тұрдық.

Айналасында не болып жатқанымен шаруасы жоқ. Өзімен-өзі біз түсінбейтін темір-теректердің атын айтып, күбірлеп жұмыс істеп жүрген Сәлім ағай туралы әріптестері де жылы лебізін білдірді.

— Сәлім — шаруаның адамы. Бір жақсы қасиеті — артық сөзі жоқ. Ешкімнен ұрыспайды, мінезі өте жұмсақ. Азаматтығы бір төбе. Осындағы көмекке мұқтаж жігіттің бәріне Сәлім қол ұшын береді. Алты жылдан бері бірге жұмыс істейміз. Маған Сәлімнің еңбекқорлығы ұнайды. Бұл ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеуге келгенде өте шебер. Білмейтіні — жердің астында, — дейді әріптесі Қуаныш Токжанов.

Сәлім ағаймен тілдесудің сәті түсті. Ә дегеннен кейіпкеріміз әңгімесін: «Мына трактордың тежегіші кетіп қалған. Соны ауыстырып жатырмын, — деп бастады. — Негізі, көлікті жөндеу деген әртүрлі болады. Егер бөлшек заттар болса, бір күнде жөндеп шығарамыз. Көбіне бөлшектері табылмай, тұрып қалатын кездері болады. Өзіміз тізгін-



дейтін көлікті өзіміз қарап, жөндеп аламыз. Бізді сол үшін оқытты», — дейді.

Облыстағы 38-ші жол пайдалану бөлімінде қарапайым жұмысшы азаматтар еңбек етеді. Олар күндіз-түні жолдың тазалығы мен қауіпсіздігі үшін жұмыс істейді. Бұл ұжымдағы қарапайым жұмысшылар қыс бойы үйдің бетін көрмейді. Қарлы боранда жол аршиды, мұзды күндері сол жолдың мұзын ояды, құм, тұз себеді.

— Біздің мекемеде 68 жұмысшы маман бар. Бұлардың дені — ауыр техникаларды басқаратын көлік жүргізушілері. Жол пайдалану мекемесі болған соң бізде ауыр техника өте көп. Кешегі су тасқыны кезінде де біздің ұжым елмен бірдей

алып шықпайды. Тек жұмысшы мамандарды колледждерде оқытады.

Президент жұмысшы мамандарын көтеруді тапсырды. Болашақта қол еңбегі бағаланып, ауыр жұмыстағы қарапайым мамандардың жалақысы да артар деген үмітіміз бар. Өкінішке қарай, қазір жұмысшы мамандардың жалақысы мардымсыз, ал олардың құқығы туралы сөз қозғаудың өзі артық.

Тек 2024 жылы БҚО еңбек инспекциясына 614 шағым келіп түскен. Бұлардың дені — қарапайым жұмысшылардан. Олардың ішінде жалақыны уақытылы ала аламау, заңсыз жұмыстан шығару, еңбек демалысын уақытылы бермеу секілді бағыттардан тұрады.

Еңбек инспекциясы басқармасының басшысы Арман Тұйғымбетовтің айтуынша, тек биылғы жылдың алты айында өндіріс ошақтарында 26 қайғылы жағдай тіркелген, салдарынан 31 адам зардап шегіп, 20 адам ауыр дене жаракатын алса, екі адам қайтыс болған. Бұлардың бәрі де өндіріс ошақтарында тіркеліп отырған жайттар. Өкінішке қарай, біздің елде әзірге қарапайым жұмысшылар үшін қауіпсіздік, адам құқығы деген мәселелер толыққанды орындалмай отыр.

— Қазіргі бағамен салыстырсақ, біздің жалақымыз түкке тұрмайды. Кешегі су тасқынынан кейін баға деген өсіп кетті.

Президент жұмысшы мамандарын көтеруді тапсырды. Болашақта қол еңбегі бағаланып, ауыр жұмыстағы қарапайым мамандардың жалақысы да артар деген үмітіміз бар.

тасқынға қарсы жұмыстарға араласты. Біздің әріптесіміз Сәлім Жұбаниязов та су тасқыны кезінде елмен бірдей жүрді. Себебі ол трактор басқарады. Сол трактормен жыра жырту, құм тасу жұмыстарына кірісіп кетті. Ал сол кезде оның өз үйі де суға кетіп жатты. Ол — сондай адам, біреуге болсын деп шауып жүреді, — дейді жол пайдалану бөлімінің басшысы Роллан Бектеміров.

Сәлім Жұбаниязов мектепті 1984 жылы сол Тоғанас ауылынан бітірген. Мектепті бітірген кезде механизатор мамандығын қоса алып шыққан. Мектептегі жылдарын есіне алған Сәлім ағай «бұрын мектепте қоғамға қажетті мамандарды оқытып, қолымызға куәлігімізді ұстатып жіберетін еді» деп еске алады. Өкінішке қарай, қазір бұл дәстүр үзіліп қалды. Мектеп бітірген балалар бұрынғыдай бір саланың маманы деген диплом

Құрылыс материалдары ғана қымбаттаған жоқ, тамақтың да бағасын өсіріп жіберді. Бірақ жалақы сол күйінде қалды. Біз қол еңбегінің адамдарымыз. Жалақымыз жұмысымызға сай болса жақсы ғой, — дейді Сәлім Жұбаниязов.

Біз бас сұққан 38-ші жол пайдалану бөлімінде соңғы жылдары техниканың 70 пайызын жаңартқан. Мекеме басшылығы қатардағы қарапайым жұмысшыларға барынша қолдау білдіріп келе жатқанын айтады.

Иә, біздің кейіпкеріміз Сәлім Жұбаниязов та ала таннан кешке дейін қол еңбегін жасайды. Жұмысшылардың еңбегі ауыр. Кейде шаршатады, қажытады. Белі бүгіліп, талып тұрса да, ешкімге жөк демейтін осындай мейірімді, кең жүректі адамдардың аркасында қоғам өркендеп келеді.

Әлемді мейірім құтқаратынының дәлелі осы болса керек.



МҰРА

СИРЕК КІТАПТАРДЫҢ АЙТАРЫ КӨП

IX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезі – қазақ халқы үшін әдебиеттегі жаңашылдыққа бет алған кезең. Өйткені Абайдың аударма дәстүрі қазақ әдебиетінде өзіндік принциптері мен шеберлік үлгісін алып қана келген жоқ, ол тағылымдық, тәрбиелік және шеберлік үлгісіндегі жаңа сипаттардың тууына негіз болды.

Орыс тілін білмеген шәкірттердің ұстазы да Абай болды. Ақындық шеберлігі мен автордың түпнұсқа айтар ойын барынша дәл тауып, дөп басып, қиялға ерік бере отырып, көркемдік деңгейде көркейтпін жазуды дағдыландырған хакім шәкірттерінің алдыңғы шебінде Шәкәрім мен Тұрағұлдар тұр. Шығармалары – классикалық шығармалардың үлгісі. Ал Тұрағұлдың қазақ әдебиетіне сіңірген еңбегі көп. Ақындығынан гөрі шығармаларының дені – аудармалар. Заманында Шәкәрім бастаған проза үлгісіндегі аударма жанрын дамытып, ХХ ғасырдың бірінші жартысында орыс және батыс жазушыларының шығармаларын қазақ тіліне алғаш аударған прозаиктердің бірі болған.

Қара сөзбен жазылған нағыз көркем шығарманың негізін салған. Адамның жан-дүниесін, болмысын кең ауқымда суреттей келіп, күнделікті өмір құбылыстарының көріністерін, сыр-сипаттарын мен қым-қуыт тіршіліктерін суреттеп, өнегелі ойды өрнектеп жеткізген.

Қазақ жазушылары әуелде орыс әдебиетінен Максим Горький шығармаларына бет бұрып, оларды аударып, халық арасында насихаттаған. Бұл жазушының ықпалын ерекше дара шығармашылық стильдегі жазушы М.Әуезов болған. Өйткені 1927 жылы жазылған алғашқы әңгімелердің бірі «Қараш-Қараш» М.Горькийдің «Челкашын» тікелей әсерімен қағазға түскен және төңкеріске дейінгі қазақ даласындағы

жалғызбасты көтерілісшінің ауыр өмірін суреттей отырып, жазушы М.Горький таптық күрестің ерекше жағдайындағы еңбек адамының жан-дүниесін, талпыныстарын түсінуге ұмтылғанын аңғаруға болады. Сонымен қатар феодалдық-рулық қоғамды сынап, «Челкаш» повесіндегі бейнелі сюжеттік оқиғаларды М.Әуезов те «Қараш-Қараш» повесіндегі Бактығұлдың бейнесі арқылы қоғамда болған қорлық пен қиянат, зұлымдық пен қылмыс, сатқындық пен жауыздықтың сипаттарын ашып көрсету арқылы оқырманын баурап алып, сол жүйе мен кезеңге апарып-әкелгендей күйлі кешіреді. Осы тұста Тұрағұл да М.Горькийдің әңгімелерін аударып отырып, көркем аударманың дамуына ықпал еткен.

1922 жылы Семейде Әлихан Бөкейхан мен Міржақып Дулатұлы тұтқынға алынғанда, Тұрағұл да түрмеге жабылып, төрт айдай отырып шыққан соң, елмен араласпай, Ақшоқыда жатып, жазумен шұғылданады. Аударма жұмысымен айналысады. Тұрағұл да «Челкаш» әңгімесін аударып, 1925 жылы «Таң» журналында жариялайды.



А.Невровтің «Ортақшыл Мария» мен «Я хочу жить» деген шығармасын «Мен өмірге жерікпін» деп аударып, бастырған. Сондай-ақ Б.Прустың «Энтек қыран» деген шығармасын да аударған екен. Тіпті, көркем аудармамен қатар сол кездегі тапсырыстар бойынша медицинаға, мал шаруашылығына т.с.с. қатысты ғылыми әдебиетті де тәржімалаған.

Әкесі Абай туралы деректерді кейінге жеткізген санаулы адамның бірі болған. М.Әуезовтің Абай туралы жазбаларында Тұрағұлға сілтеме жасап отыратындығы да сондықтан.

1916 жылы майданның кара жұмысына аттанған жігіттер жаракат алған не наукастанған кезде орыс тілін білмеуіне байланысты қазақтың оқыған, тіл білетін азаматтары тілмаш ретінде еңбек еткен, сол «Қазақ» газетінің №221 санында Әлихан Бөкейхан жариялаған тілмаш жігіттердің тізімінде Тұрағұл Абайұлы да көрсетілген.

Көркем аудармадан бөлек А.Белцерден «Қолдағы малдардың, құстардың құрт ауруы болмағы жайы» (1926), С.Пириллинен «Мал шаруасының нақсихаттары» (1926), Г.Сперанскийден «Балалы әйел не білуі керек» (1927) т.с.с. кітаптарды да аударып қалдырған.

Тұрағұлдың бұл жұмыстары қысқартылған немесе кіріспе аударма емес, қазақ әдебиетінің сол кездегі талап деңгейіне сай келетін аударма еңбектер болған. Кейіпкерінің мінез-құлғын, күрделі қарым-қатынастарын драмаға толы етіп жеткізуде ерекше шеберлік танытқандықтан, бұл еңбектері – реалистік тұрғыда жазылған аудармалар қатарында. Тұрағұл өз шығармаларында романтикаға толы, өткір шиеленістерді женетін, батылдық, табандылық, тапқырлық танытатын жастардың өмірін жазып қалдырған сондықтан болса керек, америкалық классик жазушы Джек Лондонның шығармаларына жүгінген.



«Баланың ерлігі» деген атаумен 1927 жылы Мәскеудегі КСРО халықтарының «Кіндік» баспасынан жарық көрген Джек Лондонның туындысын аударған. Бұл әңгіменің екінші атауын жақшаға алып «Эскимос елінің тұрмысынан алынып жазылған әңгіме» деп, «Оның мазмұны – Ескімос Кішіш деген бала. Кішіштің долданғаны, Кішіштің аңшылығы» деп, аударып ұсынады.

Аударма баланың ерлігі, оның ішінде Кишіштің долданғаны, оның аңшылығы және абыройы, жеткен жетістігі сөз болады. «Баяғы заманда Поляр теңізінің түкпірінде өмір сүрген Кишіш сикырман емес, ептілігімен аңшылық етіп, жұпаны кедей үйінен шығып биікке көтеріледі, тайпа көсемі болады. Ол тірі тұрғанда оның халқы аманшылықта өмір сүріп, бірде-бір жесір, бірде-бір қорғансыз қария түнде еттері болмағандықтан жылаған емес деп бәрі Кишіштің бағасын білді, артында қалған даңқы Темірқазықтың астындағы, теңіздің жағасындағы елден Кишіштің өткеніне де көп заман болды» деп аяқталады. Жердің әртүрлі полюсі

мен экваторындағы климат, адамдардың тұрмыс-тіршілігі, әртүрлі елдер уақыт пен кеңістік туралы құнды мәліметтер берген. Аудармашы ретінде түпнұсқадағы «ертегіні» сақтап, кейіпкер өміріндегі оқиғаларды, түрлі құбылысты романтикалық, ертегілік сарында Д.Лондонның әңгімесінің мазмұнына сай, оқырманға түсінікті тілде жеткізген.

Ақын, аудармашы Тұрағұлдың әдебиет тарихы мен ғылымында және аударма ісінде орны ерек. Аталған еңбектерімен толықтай және түпнұсқада танысып, оқимын және зерттеймін десеніз, олар Ұлттық академиялық кітапхананың «Сирек қорында» сақталуы. Кітап 1928 жылы 5000 данамен шығып, оқырманға жол тартқан. Мәтіні араб қарпі, қазақ тілінде жазылған.

Ескіні еске алмай, жананың жарқын бейнесін тану қиындығын ескерсек, сирек кітаптардың айтары көп.

Мәлімді ТӨЛЕПБАЙ, Ұлттық академиялық кітапхана қызметкері

ТІЛДІҢ АБЫЗ АНАСЫ

Алматыда Ұлттық ғылым академиясының академигі, Шоқан Уәлиханов атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері, Түркияның Dil Kurumu лингвистикалық қоғамының корреспондент мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рабиға Сыздықтың туғанына 100 жыл толуына орай «Ана тілінің абызы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті. Тіл білімінің әртүрлі саласында қалам тербеген ғалым өзінің бір ғасырға жуық ғұмырында бірқатар ғылыми жарияланым мен монография жазып, тың зерттеулер жүргізді. Қазір Рабиға Сыздықтың 130-дан астам ғылыми еңбегі, оның ішінде 9 монографиясы, оқулықтары мен оқу құралы бар.

– Рабиға Сыздық – өзінің тегі, жаратылысы, болмысы, табиғаты, зерттеу еңбектері жағынан екі ғасырды тел емген қазақтың ерекше қызы болды. Бүгінгі жиында оқылатын баяндамалар жан-жақты проблемаларды қамтып отыр. Соның бірі Рабиға апаидың сөзтаным, тілтаным, тарихтаным, тұлтаным, әлемтаным еді. Қазақтың санасын қалай қалыптастыру қажет? Еліміздің келешектегі ұрпағы сөз, тіл, көркем шығарма арқылы, сондай-ақ ондағы мән мен мағына, философиялық тұжырым арқылы қалай жетіліп өсуі керек? Өзін, мемлекетін, ұлтын, ел тәуелсіздігін қалай сақтап қалуға тиіс? Міне, осындай

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы



тағы басқа еңбектері ғылыми ортада кенінен қолданылып келеді.

– Рабиға Сыздық – көркемдікті, сұлулықты жақсы көретін адам. Сондықтан алаймыздың керемет сұлулықты іздеген әлемі – тіл, сөз әлемі еді. Тегіне қарайтын болсақ, Рабиға Сыздық сондай бір шығармашыл тұлға. Ол кез келген нәрсені белгілі бір қасаң тәртіпке байланыстырып қарамайды. Еркін ойлай білетін жан болған, – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері Жамал Манкеева.

Ал ҰҒА академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Фаузия Оразбаева ғалымды ұлт болашағы, ел тәуелсіздігі, ана тілінің жағдайы алаңдатқанын, сондай-ақ мұндай алуан мәселе Рабиға Сыздықтың әрбір еңбегінде ерекше орын алатынын жеткізді.

мәселелерді әрбір еңбегінде қозғайды, – дейді Ф.Оразбаева.

Ғалым өзінің сәуелді ғұмырында бірнеше аспиранттың диссертацияларына ғылыми жетекшілік жасай отырып, көптеген диссертацияға оппонент болды. Осындай ауыз толтырып айтарлық өнімді еңбегі үшін ол 1972 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталды. Профессор Рабиға Сыздықтың еңбектері Үкімет тарапынан да жоғары бағаланды. 1984-жылы академикке «Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрметті атағы берілді. Оған өзге ғалым Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1995), Мемлекеттік сыйлықтың (1996) лауреаты атанса, 2014 жылы III дәрежелі, 2019 жылы I дәрежелі «Барыс» орденін иеленді. Қоғам игілігі үшін тынбай қызмет еткен ғалым 96 жасына қараған шағында Алматы қаласында көз жұмды.

Хабарландыру
Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.
Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұрамамыз:
1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын жұмыстарды орындау саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттар (келісімшарт, орындалған жұмыстар актісі немесе жүкқұжат);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің жұмыстарын сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші КҚС төлеуші болса орындатытын жұмыстар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде КҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында Әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.САТТАРХАНОВ даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKZZKX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.
Орындатытын жұмыстардың көлемін http://ayu.edu.kz/ сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинеттен алуға болады.
Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 17.09.2024 (12:00), №201 кабинет.
Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:
Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылтып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203 кабинетте қабылданады.

«SAP сүйемелдеу» қызметін сатып алу бойынша қайта ашық тендердің нәтиже туралы хабарландыру
«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «SAP сүйемелдеу» қызметін сатып алу бойынша қайта ашық тендер өткізілмеді деп таниды.
Қосымша ақпарат пен анықтаманы + 7 (727) 393-01-50 телефоны арқылы алуға болады.
Объявление о результатах повторного открытого тендера по закупке услуги «Сопровождение SAP»
ТОО «Азиатский Газопровод» признает повторный открытый тендер по закупке услуги «Сопровождение SAP» - несостоявшимся.
Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-01-50.

«ГАЗ генераторын орташа жөндеу» жұмыстарын сатып алу жөніндегі ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру
«Азиялық Газқұбыры» ЖШС – Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 17 үй, н.п.Зд, БСН 070940009167, №1,3 лоттар бойынша – EnergySystems ЖШС-ның тендерлік өтінімін; Қазақстан Республикасы, 050000, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 5 үй, БСН 041240003942, №2 лот бойынша Caspian Oiltech Services (Каспиан Ойлтек Сервис) ЖШС-ның тендерлік өтінімін «ГАЗ газ генераторын орташа жөндеу» жұмыстарын сатып алу бойынша ашық тендердің жеңімпазы деп таниды.
Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.

Объявление об итогах открытого тендера по закупке работ «Средний ремонт газогенератора ГПА»
ТОО «Азиатский Газопровод» признает победителем открытого тендера по закупке работ «Средний ремонт газогенератора ГПА» по Лотам №1,3 - тендерную заявку ТОО «EnergySystems» - Республика Казахстан, 050000, г. Алматы, Бостандыкский район, пр. Аль-Фараби, дом 17, н.п. Зд, БИН 070940009167; по Лоту №2 тендерную заявку ТОО «Caspian Oiltech Services» (Каспиан Ойлтек Сервис) - Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Аль-Фараби, д. 5, БИН 041240003942.
Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

10 ҚЫРКҮЙЕК 2024 | СЕЙСЕНБІ

КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНЫ КҮНДЕЛІГІ



ҚҰРМЕТ пен БАУЫРЛАСТЫҚ СИМВОЛЫ

«Астана Арена» стадионында өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының ашылу салтанатын тамашалауға шет мемлекеттерден келген мәртебелі меймандармен және жұртшылық жиылды. Салтанатты жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы сөз сөйлеп, Қазақстанға келген бауырлас мемлекеттердің басшыларына, меймандарға және спортшыларға шынайы алғысын жеткізді.

А Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Президент әлемдік ауқымда өтіп жатқан ірі дола өркеніетін дүниежүзіне паш ететінін айрықша атап өтті.

— Он жыл бұрын осы жарысты алғаш ұйымдастырған қырғыз бауырларға алғыс айтамын. Бұл — ұлттық спорт түрлерінен өтетін әлемдегі ең ірі дола. Оны Көшпенділер олимпиадасы деуге болады. Бұл ойындар дола өркеніетін жер-жаһанға паш етеді. Спорт — өзара құрмет пен сыйластық символы. Спорттың басты миссиясы —



халықтар достығын нығайту. Қазақстан бүкіл әлемге бейбітшілік пен келісім мекені ретінде танымал. Елімізде түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Біз алыс-жақын шетелдің бәрімен тығыз байланыс орнаттық. Басқа мемлекеттер де өзара достық қатынаста болғанын қалаймыз. Сондықтан Көшпенділер ойындары ынтымағмызды бекемдей түспек, — деді Президент.

Бірінші жарыс күнінде спортшылар жамбы ату спортының мажар стилінен бақ сынады. Аспен жүйткіп келе жатып нысана көздеу спорты 4 стильде өтеді. 27 мемлекеттен келген 78 мерген 11 топқа бөлініп, өзара мықтыны анықтаған сайыстың алғашқы алтыны француз спортшысы бұйырды. Оны спортшы Рафаэль Малет еншілесі, екінші жүлделі орын Монголиядан келген спортшыға бұйырды. Ал қола медальды де француз спортшысы иеленді. Қазақстан құрамасы сапында Айтбек Сарыбай, Ералхан Айкөз, Батыр Бексауыт, Абзал Тұрлыбеков өнер көрсетті. Соның ішінде А.Тұрлы-

беков үздік бестіктің қатарынан көрінді.

V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының екінші күнінде әр елден келген спортшылар спорттың 7 түрінен сынға түсті: көкпар, дәстүрлі садақ ату, аударыспақ, мас-рестлинг, асық ату, кураш және казак күресі.

Жамбы ату. Көшпенділер ойындарында айрықша назар аударатын спорт түрінің бірі — жамбы ату. Оның басты ерекшелігі — ат үстінде нысана көздеу. Осындай көптің назары ауып отырған жамбы атудан Батыр Бексауыт Көшпенділер ойындарының жеңімпазы атанды. Ал қазақстандық Айтбек Сарыбай мен Ералхан Айкөз қола жүлдені қанжығасына байлады.

Дәстүрлі садақ ату. «Арғымак» ат-спорт кешенінде өтіп жатқан бәсекеге 33 мемлекеттен 180 спортшы қатысып жатыр. Қазақстан құрамасы бойынша 10 спортшы ел намысын қорғап, үш садақшы «Пута» нысанасы бойынша финалға шықты. Кеше «Пута» нысанасы бойынша (ерлер — 70 метр,


мақта сынға түскен Ермек Құралбай алтын медальға ие болды. Бұл Қазақстанның Дүниежүзілік көшпенділер ойындарындағы алғашқы медалі. Ермек Құралбай финалда Қырғызстан спортшысы Жекшенбек Тұрдыбековті жеңді. Алматы Ләтіпбек екінші алтынды еншілесі, аударыспақтан үшінші алтын жүлдеге Дарын Өткелбай қол жеткізді. Бүгін Есімхан Рахматіллі, Сырым Ізбасаров және Біржан Қосалиев сынға түседі.

Қазақ күресі. Жақсылық Үшкөмпір атындағы Жекпе-жек сарайында казак күресінен 41 мемлекеттен 274 спортшы бәсекеге шықты. Қазақ күресінен кеше сынға түскен барлық спортшы финалға шықты. Әйелдер арасындағы 48 келі салмақта Айжан Жылқыбаева, Назерке Азаматова, Рауза Нұрмахамметова, ерлер арасында 55 келі салмақта Бекжан Төлепов алтын медаль иеленіп, ел мерейін асырды. Айта кету керек, бүгін аталмыш спорт түрінен ерлер мен әйелдердің әрқайсысы 8 салмақ дәрежесінде сынға түседі.

Мас-рестлинг. Саха халқының ұлттық спорты мас-рестлингтен жарысқа 31 мемлекеттен 98 спортшы қатысады. Аталған спорт түріне Қазақстан ұлттық құрамасы атынан 8 спортшы сынға түседі. Олар — Темірлан Шамет, Асылмұрат Бірімжан, Владислав Герасимов, Бердіқұл Алтай, Еркебұлан Ерлан, Жансая Рахметұллаева, Тахмина Қожамбердиева және Ольга Душаева. Қорытынды нәтиже бойынша, ерлер арасында 65 келі салмақ дәрежесінде Бірімжан Асылмұрат пен әйелдер арасында 55 келі салмақ дәрежесінде отандық спортшы Тахмина Қожамбердиева Көшпенділер ойындарының қола жүлдегерлері атанды.

Әзірге Көшпенділер ойындарына қатысушы Қазақстан құрамасының қоржыны барлығы 14 медаль, оның 9-ы алтынмен толығып отыр.

Бет қатталып жатқанда: Казак күресінен Дидар Тұқышев, Бақыт Құсақбаева, Мейіржан Берекетов, Жұмажан Қожамбеков Көшпенділер ойынының чемпионы атанып, алтын медальға ие болды. Кураш спорт түрі бойынша Альбина Бахиева, Марат Байқамуров алтын иемденіп, Ажар Салықова күміс жүлдегер атанды.



«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»: ҰЛТТЫҚ НАМЫСТЫ АСҚАҚТАТТЫ

Бұл жолғы жорықтың қызығы мен шыжығы көп, қиындығы да аз болмады. Аталмыш ат бәйгесіне арнайы қатысудағы мақсат — осы бір марафон бәйгенің ерекшелігіне қанығу, ең даланың төсінде кесілген тұлпарлардың төзімі мен бабын байқау еді.



А Бердібек ҚАБАЙ

Иә, бабы мен бағы бірдей сынға түскен бұл жолғы тұлпарлардың тұрпаты ерекше болды. Шынын айтқанда, шыдамы мен жарауы жан жағынан сәйкескен ат бәйгесі көпшіліктің назарында болғаны анық. «Ұлы дала жорығы» ат бәйгесі биыл халықаралық деңгейде бірінші рет ұйымдастырылып отыр. Алдын ала айтылғандай, аталмыш марафон V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарының бастамасы іспетті еді.

Дүбірлі доланың Солтүстік Қазақстан даласындағы Ботай мәдениетінің қонысы болған мекеннен басталуы да тегін емес. Бір назар аудартқан дүние — осы жолғы ат бәйгесінде шабандоздар арасында қыздардың көп болуы. Желмен жарысқан кіл жүйріктерді тізгіндегендердің 22-сі — бұрымдылар. Сонымен, дүбірлі долада Қырғызстан, Кабардин-Балкар, Карашай-Черкес Республикасы, Оңтүстік Африка Республикасы, Татарстан, Иран, Түркия, Венгриядан келген командалардан бөлек,

«Біз осы сайысқа ұзақ дайындалдық. Тіпті, Қырғызстанда 300 шақырым қашықтыққа шауып, аттарды сынадық. Сүрінген тұлпарларды тастап, ең мықты деген бес атпен келдік. Әрине, бұл жолы жанбыр мол болды. Жер жұмсак екен. Аттардың тұяғы жібіп, тағасы түсіп қала берді. Тұяқтары кетілген соң табандарына тас батты. Мал дәрігерлері де көп көмектесті, бірақ соңғы 100 шақырым калғанда жарыстан шықтық. Аттарды қатты қинамаған дұрыс», — дейді қырғыз елінен келген шабандоз.

Бәйге басталған шақтан-ақ қырғыз командасы суырылып алға шықты. Тіпті, өзге командаларды жарты күндік жол қашықтығымен артта қалдырып отырды. Қырғызстандық команданың көмбеге алдығы болып келетіні туралы пікірлер де айтыла бастады. Дегенмен жағдай ойламаған жерден өзгеріп шыға келді. Әрине, бәйге болған соң аттың денсаулығынан манызды ештеңе жоқ.

Журналист Аслан Коженов: «Ұлы дала жорығынан нағыз казактың, яғни дала қазағының



казактың Адай, Әулиеата, Найман, Жетісу жылқы тұқымдары мен Қостанай, Көшім асылтұқымды жылқыларын ауыздықтаған 9 команда қатысты.

Қанша жерден жүйрік, қанша мықты шабандоз болғанымен, 500 шақырымдық жолды енсеру оңай болмады. Әсіресе, толастамай тұрып алған жанбыр мен ауаның тым салқын болып кетуі де аттың кетеуін кетіре бастады. Салдарынан жолай көп жүйрік жолдан шықты. Тіпті, толық команда құрамы да келесі жүлдіктен соң жарыс жолына шықпай қалды. Бұған ауа температурасының күрт төмендеп, ылғалдың мол болып кетуі мен жер қыртысының алуан түрлі кейіпке енуі себеп болды. Мұны шабандоз да, бапкер де, тіпті ветеринар маман да айтып отыр. Десе де, бабы мен бағы сай келген тұлпарлар алға озып, шабандоз тұғырға көтерілді.

Сонымен, Кабардин-Балкар командасы бірінші орынға шықса, екінші орында — Алматы, үшінші орынды Ақтөбе өңірінің жігіттері қанжығалады.

Сайыс болған соң жеңу сарда жеңілу бар. Дегенмен «ауа райы тым қатал болып кетті», — дейді қырғыз елінің шабандозы Токмергенов Ержан.

образын көрдім. Бұл жігіттер — тік мінезді, тәуелсіз. Ешқандай китүркілікке көнбейді. Бұған қоса, намысшыл. Оларға сый-ақы көлемі маңызды емес. Маңыздысы — өз елінің абыройын асқатқату, басқаларға есе жібермеу. Оның жолында малын да, жанын да құрбан қылуға дайын. Міне, осындай көріністерге куә болып, бір маркайып қалдым», — дейді.

Халықаралық марафон бәйге бағын сынап, атының шабысын аңдаған бапкерлер енді бәйге қалай және қайтп дайындалудың қыр-сырын жақсы түсінді. Алдағы марафонға аттары тағы да сайлап өкелетінін айтқан шабандоз бен команда жетекшілері бұл жолғы қателікті қайталамайтындарын айтып жатты.

Ұлы дала жорығы далақтап далала шабу емес. Ол жерде ұлттық мүдде, ұлттық дәстүр, ұлттық болмыс, казак рухы жатыр. Яғни, біз жоғалтып алған біраз нәрсені қайта жаңғыртатын, қайта қалпына келтіретін бастама. Сондықтан ары қарай да жалғасын табады деген сенімдеміз.

Не де болса, бұл бәйгенің жөні бөлек болғаны шын.



AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор — Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор — Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС — Бас редактордың бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ — Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА — Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ — Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ — Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН — Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ — Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК — Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА — Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ — Қызылорда облысы
Баи Жанзақ — Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар, мекемелер үшін — 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін — 55102
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(717) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4494

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,